



**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР: ЖАҢАЛЫҚТАР,
МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР»**

халықаралық ғылыми конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

28-29 қазан 2024

PROCEEDINGS

of the international scientific conference

**«SCIENCE AND INNOVATION: NEWS, PROBLEMS AND
ACHIEVEMENTS»**

28-29 October 2024

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научной конференции

**«НАУКА И ИННОВАЦИИ: НОВОСТИ, ПРОБЛЕМЫ И
ДОСТИЖЕНИЯ»**

28-29 октября 2024

Түркістан, 2024

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Ғ 96

Редакция алқасы:

А.А. Амангельдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:

А.А. Амангельдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:

A.A. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

Ғ 96 Ғылым және инновациялар: жаңалықтар, мәселелер мен жетістіктер: халықаралық ғылыми конф. мат. = Наука и инновации: новости, проблемы и достижения: Сб. материалов межд. науч. конф. = Proceedings international scientific conference: Science and innovation: news, problems and achievements. – Түркістан: «Bilim Innovations Group» ғылыми-зерттеу орталығы, 2024. – 371 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-08-4647-0

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. Мақаланың мазмұны мен жіберілген қателерге автор жауап береді.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования. Ответственность за содержание статьи и допущенные ошибки несет автор.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education. The author is responsible for the content of the article and mistakes.

ӘОЖ 001
КБЖ 72

ISBN 978-601-08-4647-0



ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
HUMANITIES

ҒТАМР 03.20

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Д.М. Қоблан

Магистрант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Бұл мақалада Кеңестік Қазақстандағы тіл саясатының негізгі кезеңдері мен олардың қазақ тіліне тигізген ықпалы қарастырылады. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қазақ тіліне қолдау көрсетілсе, кейінгі кезеңдерде орыстандыру саясаты күшейіп, қазақ тілінің мәртебесі төмендеген. Әсіресе, 1930-1980 жылдар аралығында орыс тілі басымдыққа ие болып, қазақ тілі білім беру мен мемлекеттік басқару жүйесінен шеттетіле бастады. Тіл саясатындағы өзгерістер ұлттық мәдениет пен қазақ болмысының өзгеруіне терең ықпал етті. Мақалада осы өзгерістердің қазақ қоғамының мәдени дамуына әсері талданады.

Түйін сөздер: тіл, мектеп, интернационализм, коммунизм, интеллигенция.

1917 жылғы Қазан революциясынан кейін Кеңес үкіметі жаңа тіл саясатын енгізуге ұмтылды. Бұл кезеңде тілдік саясаттың мақсаты жұмысшылар мен шаруалардың көпшілігі болып табылатын этникалық азшылықтардың тілдерін қолдау болды. Лениннің ұлттық саясаттары аясында қазақ тілі мен басқа да ұлттық тілдер мемлекеттік деңгейде қолдау таба бастады. Қазақ АКСР-інде қазақ тілін қолдану бойынша түрлі шаралар қабылданды, соның ішінде жергілікті басқару органдарында және білім беру жүйесінде қазақ тілін енгізу саясаты жүзеге асырылды.

1922 жылы 30 желтоқсанда Мәскеуде КСРО Кеңестерінің бірінші съезі болды. Съезд КСРО құрылғандығы туралы декларацияны және одақтық келісімді қабылдады. Съезд ең жоғарғы заң шығарушы орган КСРО ОАК сайлады. Қазақстан КСРО құрамына РКФСР құрамындағы автономиялық республика болып енді. Қазақ АКСР-нің ОАК-ті қазақ және орыс тілдерін пайдалану тәртібі туралы декрет қабылдады. Декретте кеңес үкіметінің заң құжаттарын екі тілде жариялау, жоғарыдан төменге дейін екі тілде қатынас жасау міндеттері белгіленді. Осыған орай Қазақстан өкіметі барлық халық комиссарлары мен ҚОАК-нің мүшелеріне қазақ тілін жедел игеруге кірісуді ұсынды. 1923 жылы 22 қарашада «Іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу туралы» жаңа декрет қабылданып, барлық облыстар мен кейбір уездерде 1924 жылдың 1 қаңтарынан ісқағаздарын қазақ тілінде жүргізуді ұсынды. Бұл науқан көптеген жерлерде қазақтардың орыс тілінен мүлде хабарсыздығынан, ал партия және

кеңес қызметіндегі европалық ұлт өкілдерінің қазақтардан мүлде оқшауланып қалғандығынан, Кеңес үкіметінің амалсыздан жүргізген шарасы еді. ҚОАК-ті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге көшірудің соңғы мерзімі 1927 жылдың 1 қазаны болып белгіленді [1, 126 б.].

1923 жылдың сәуірінде РК(б)П XII съезінде И.В. Сталин ұлттық тіл мәселелерін шешудің маңыздылығына тоқталды. Осы съезде орыс емес тұрғындарға қызмет көрсететін барлық мекемелерде ана тілді қолдануды қамтамасыз ететін арнайы заңдарды шығару туралы шешім қабылданды. Аталған съездің нәтижесі бойынша қаулы қабылданып, кеңестік партияның ұлттық мәселедегі жаңа саяси бағыты тұжырымдалды. Онда төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруды көзделеді: ұлттық республикалар мен облыстық мекемелерде негізінен жергілікті тілді, дәстүрді білетін мамандар қызмет етулері қажет; жергілікті ұлттың тілін мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің түгелінде қолдануға жағдай жасайтын заңдар қабылдануы қажет және аз ұлттардың құқығын ескермегендердің барлығы қатаң түрде жазалануы тиіс [2].

1938 ж. 5 сәуірде қазақ және басқа ұлт тілдері тағдырына бұлт үйірілді. ҚАЗКСР Халық Комиссарлар Кеңесі «Қазақ мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқып үйрену туралы» қаулы қабылдады. Осы жылдың 13 сәуірінде айрықша – неміс, болгар, дунган, корей, ұйғыр және басқа ұлттық мектептерді қайта ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады. Онда ағарту саласына тартылған зиялы қауым өкілдерінің мектеп балаларына ұлттық-буржуазиялық, кеңеске қарсы ықпалын айыптай отырып, аталған оқу орындарын кеңестік мектептер етіп қайта ұйымдастырды және олардың сандарын қысқартты, қазақ немесе орыс тілдерінде ғана оқыту баса айтылды. 1939 ж. аяғына дейін орыс тілін нығайту мақсатында бірнеше үкіметтік қаулы қабылданған. Осыдан қазақстанда орыс тілінің ресми үстемдігі орын ала бастады. Осылайша «Біртұтас кеңес халқын жасау» саясаты орнықты. Ал оған қарсы бас көтерер ұлтымыздың мемлекет, қоғам, мәдениет өкілдері біртіндеп жойылды [3].

1940 жылдардағы Кеңестік Қазақстандағы тіл саясаты елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерімен тығыз байланысты болды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңі және одан кейінгі жылдар Кеңес Одағында орталықтандыру саясатының күшеюіне әкелді, бұл тілдік саясатқа да өз әсерін тигізді. 1940 жылы қазақ жазуын латын әліпбиінен кириллицаға көшіру қолға алынып, бұл әрекет қазақ тілін орыс мәдениетіне жақындастырудың маңызды құралы ретінде қолданылды. Бұл кезеңде орыс тілі кеңес қоғамының негізгі тіліне айналып, білім беру, әкімшілік және қоғамдық өмірде басымдыққа ие болды. Сонымен бірге, ұлттық тілдердің рөлі шектеліп, қазақ тілінің қолданылу аясы әсіресе қалалық жерлерде төмендей түсті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында барлық азаматтардың орыс тілін меңгерудегі маңызының жоғары болғандығы анық. Әскери қызмет пен халықтардың жаппай қоныс аударулары (эвакуация, депортация) орыс тілін игеру деңгейін барынша көтерді. Соның нәтижесінде, соғыстан кейінгі уақытта да орыс тілінің рөлі одан әрі жоғарылады. Сөз жүзінде ұлттар мен олардың

тілдері тең құқылы болғанымен, іс жүзінде орыс тілі мен ұлтының мәртебесі осы кезеңде жоғары сипатқа ие бола бастады. Сонымен бірге, бұл уақытта орыс тілінің тек Одақ көлемінде ғана емес, сол сияқты әлемдік деңгейде де маңыздылығы артты: Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмыс тілдерінің бірі, социалистік лагерь мемлекет аралық бірлестіктерінің (Варшава келісім-шарты) жұмыс тілі, халықтық демократия елдерінің мектептеріндегі меңгерілуі міндетті тіл болып табылды. Соғыс жылдарының бастапқы кезеңінің өзінде қазақ тіліне байланысты бірқатар қаулылар қабылданады. 1941 жылдың 14 шілдесіндегі ҚКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «ҚКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1933 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Қазақ тілін меңгерген мамандарға жеңілдік туралы» Қаулысының күшін жою туралы» қаулысы шықты [4, 221 б.]. Ал, сол жылдың 19 желтоқсанында ҚКСР Халық комиссарлар кеңесінің жанындағы мемлекеттік терминологиялық комиссия таратылып, оның атқаратын қызметі мен мүлкі Ғылым Академиясының қазақ бөлімшесінің Тіл, әдебиет және тарих ғылыми-зерттеу институтына беріледі [4, 223 б.].

Осы кездегі қазақ тілінің жағдайына байланысты қазақ зиялылары алаңдаушылық білдіре бастады. Соғыс жылдарының өзінде-ақ қазақ тілі мәселесінің Қазақстандағы саясатының бағыт бағдарына келіспеушілік білдірген Б. Момышұлы болды. Ол сонау соғыс жылдарынан бастап үнемі тіл мәселесін өзіне тән батырлықпен, білгірлікпен көтеріп жүрді. Осы кезеңде көрнекті жазушы Ғ. Мүсірепов те қазақ тілінің үлкен жанашыры ретінде қайраткерлік танытты. Академик-жазушы өзінің сөйлеген сөздерінде, мақалаларында қазақ тілінің ана тілі ретіндегі айрықша маңызын, тіл мәдениетін, тіл тазалығын көтеріп келді. Жазушы өз заманының өскелең ұрпағына арнап: «Ана тілін құрметтемеу – ештемені сыйламау деген сөз. Жастар мұны қатты ескеруі керек» [5, 114 б.] – деп ескертті.

Соғысқа дейін, орыс тілінің күшеюіне мүмкіндік берген 1938 жылы қабылданған БК(б)ПОрталық Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің «Ұлттық мектептерде орыс тілін оқыту туралы» қаулысын Қазақстан КП Орталық Комитетінің 1948 жылдың 3 тамызында қабылдаған қаулысы одан әрі жалғастырды. 1948 жылы Қазақ К(б)П Орталық Комитеті «Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту туралы» жаңадан қаулы алды. Осы қаулыға сәйкес Оқу министрлігі қазақ мектептерінің 1 сыныбынан орыс тілін оқытуды енгізді. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілінің оқулықтары қайтадан қаралды. Тәжірибе ретінде 5 қазақ мектебінің 8-10 сыныптарында математика, физика, химия пәндері орыс тілінде оқытылатын болды [6, 16 б.].

50-жылдардың басында И.Ф. Сталиннің өлімінен кейін билікке Н.Хрущев келді. «Жүгерінің атасы» аталған Н.С. Хрущевтің дәуірі қазақ халқына тигізер шапағатынан көрі қайырымсыздығы басым болды. Н.С. Хрущевтің ұстанған саясатының авантюристік бағыт екендігінің бір көрінісі Белоруссияда бір журналисттің «Біз коммунизмге қашан жетеміз?» деген сұрағына: «Қай кезде барлығымыз орысша сөйлейміз – сол кезде жетеміз!» – деп берген жауабынан айқын байқалды. Хрущев билігі тұсында қазақ ауылдары құлдырап, қазақ

мектептері жабылып, жергілікті жерлердегі кадрлардың екінші сортқа айналуы етек алды [7.].

Осы кезеңде ұлттық интеллигенция өкілдерінің арасында да өзінің ана тіліне қарағанда, орыс тілін өте жақсы меңгерген және де қызмет бабында, шығармашылық жұмыста орыс тілін жоғары қоюшылардың саны артты. Соның нәтижесінде ұлттық тілде кітап басу санының, радиохабарлар тарату көлемінің, ұлттық театрлардағы репертуарлардың қысқару құбылыстары байқалды. Ал, осындай өзгерістер өз кезегінде ұлттық мәдениеттің беделін түсірді, одан әрі ұлттық тілде сөйлеуге, білім алуға деген қызығушылықты түсіріп, немқұрайлылықты қалыптастырды [8.].

Осыған орай, Б. Момышұлының мына пікірін келтіру орынды: «Орыс, украин және басқа Еуропа халықтарының тілін, негізін таза сақтап, өсіріп дамытқан солардың оқымыстылары (интеллигенция), әйтпесе олар деревняларындағы, әр аудан мен өлкелерінің бұрмалауына, бұзуына, жаргондарына жол беріп, тізгінсіз жіберіп, стихияға өз бетімен қоя берсе, шымшытырық болып, осы уақытқа дейін әдеби тілінен айырылып шыққан болар еді. Балық басынан шіридінің кері келіп, бізде, ант ұрғанда, алдымен оқымыстыларды ант ұрып, балдырбатпаққа солар салып, тілді сақтап, тұлға, үлгі болудың орнына, әдеби тілімізден айырылуға себепкер болып барады» [9, 22 б.]. Қазақ ұлтынан шыққан интеллигенция өкілдерінің басым бөлігінің орыс тілінде сөйлеуі, ғылым саласының орыстануына, ал қазақ тілі үшін бұл саланың бөтен болып қалуын қалыптастырды.

XX ғасырдың 60-70 жылдарында қазақ мектептеріне байланысты жаңа өзгерістер енгізілді. Қазақша білім алған бала болашақта күнін көруі қиынға соғады деген теріс ұғым қалыптасып, орыс тілін терең меңгерудің әрі интернационалдық тәрбиенің бірденбір дұрыс жолы аралас мектептер жасау деген пікір қолдауға ие болып, республикада аралас мектептер пайда бола бастады. Қазақ КСР Оқу министрлігінің сол жылдардағы бірінші орынбасары А.В. Щербаков «Интернационалдық тәрбиені күшейтуде аралас мектептердің ролі» деген тақырыпта диссертация қорғаған мәжілісте С. Мұқанов, Ә.Шәріпов, І. Жарылғапов сияқты белгілі жазушылар бұл зерттеуге ашық түрде қарсы шықты. Олар бұл диссертациядағы идеялар іске асқан жағдайда қазақ мектебінің, қазақ тілінің жағдайы мүлдем қиындайтындығын айтты. Дегенмен, қарсылықтарға қарамастан диссертацияға оң баға беріліп, оны Мәскеу бірден бекітеді [8.]. Қоғамда соңғы орындардың бірінде тұрған қазақ тілі үшін, орыс-қазақ аралас мектептерін ашу тәжірибесі тиімді болған жоқ. Жаппай ашыла бастаған орыс-қазақ аралас мектебінің бұлжытпас заңдылығы «қостілділік» болып, олардағы оқу-тәрбие жұмысы орыс тілінде жүргізілгендіктен, орыс тілі үстемдік құрды. Қазақ тілінің қолдану аясы тарылды, қазақ тілінде білім алушылардың саны азая түсті [5, 170 б.].

1979 ж. 13 шілдеде Қазақ КСР Министрлер Кеңесі «орыс тілін бала-бақша бағдарламасына және жалпы білім беру мектептерінің даярлық курстарына енгізу туралы» қаулы қабылдады. Кеңес Одағы Компартиясының ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1983 ж. 26 мамырдағы «Одақтас республикаларда жалпы

білім беру мектептері мен басқа оқу орындарында орыс тілін оқытуды жақсарту жөніндегі қосымша шаралар туралы» қаулысын іске асыру мақсатында 1983 ж. 23 маусымда Қазақстан Компартиясы ОК мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі қаулы қабылдайды. Онда орыс тілін ана тілімен қатар білу кеңес адамдарын еңбек етуде, қоғамдық-саяси белсенділікті арттыруда, құрметті конституциялық міндеттерін табысты орындауда маңызды шарт болып табылатындығы көрсетілді. «Орта мектепті бітірген әрбір жеткіншектің орыс тілін еркін білуі керек және ол азаматтық парызы болуы тиіс. Сондай-ақ орыс тілі ұлтаралық қатынас, халықтар достығы тілі, кеңес халқының материалдық және рухани қуатын нығайтудың күдіретті құралы» – делінді [3].

1985 жылы КОКП-ның жаңа басшылығының келуімен Кеңес Одағында демократиялық жаңғыру үдерісі, қайта құру мен жариялылық бастау алды. Бұл кезеңде одақтас республикаларда саяси және қоғамдық белсенділік айтарлықтай күшейіп, халықтар өздерінің саяси құқықтары мен мәдени құндылықтарын қорғауға белсене кірісті. Тек қана Қазақстан емес, жалпы Одақ көлеміндегі ұлттық-тілдік ортада әділетсіздіктің орын алғандығы, осы мәселені шешудің тиімді жолдарын тез арада қолға алмаса, одақтас республикалардағы ұлттық, ұлтаралық қатынас салаларында дағдарыстың күшейетіндігі анық байқалды. 80–жылдардың ортасында басталған қайта құру кезеңіндегі Алматы қаласындағы желтоқсан оқиғасы тоталитаризмге қарсылықтың бастамасы болды. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы кеңестік билікке ұлттық саясатта ұстанған бағыттарын түбірлі түрде өзгертіп, оны демократтық мағынада жүргізу қажеттігін көрсетіп берді [5, 178 б.].

Қазақстанда осы уақытта зиялы қауым өкілі, ақын Мұхтар Шаханов қазақ ұлтының 40 %-ның ана тілін білмейтінін және қазақ тілінің жойылу алдында тұрғанын атап көрсетті. Жариялылық саясатының ықпалымен кеңес билігі Шахановтың қоғамдық пікірін назарға алып, қазақ тілінің мәселелерін қарастыруға мәжбүр болды. Дегенмен, қазақ тілі тек орыс тілімен қатар, қостілділік негізінде ғана қайта жаңғыруға мүмкіндік алды.

1987 жылдың 3 наурызында Қазақстан Компартиясының ОК және Қазақ КСР Министрлер Кеңесі қазақ және орыс тілдерін оқыту сапасын арттыруға бағытталған бірқатар қаулылар қабылдады. 1988 жылы қостілділікті жетілдіру бойынша қосымша шаралар қабылданды. Қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың күресінің нәтижесінде қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. 1989 жылдың 22 қыркүйегінде Қазақ КСР «Тілдер туралы» Заңы қабылданып, онда қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде танылды.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі тілдер туралы заңды енгізу мақсатында 1989-1990 жылдары бірнеше қаулылар қабылдады. Алайда, 1991 жылы Кеңес Одағының саяси, экономикалық және әлеуметтік дағдарысы шарықтау шегіне жетіп, оның ыдырауымен аяқталды.

Қорытынды, Кеңестік Қазақстандағы тіл саясаты – ұлттың мәдени және тілдік бірегейлігін әлсіретуге бағытталған жүйелі процестердің айқын мысалы. Кеңес үкіметі қазақ тілін ресми мәртебесін сақтап қалғанымен, іс жүзінде оның қолданыс аясын тарылтты. Орыс тілі кеңестік идеологияның басты құралына

айналып, барлық салаларда үстемдік құрды. Бұл саясаттың нәтижесінде қазақ тілінің мемлекеттік деңгейдегі рөлі әлсіреп, қоғамдағы ықпалы төмендеді. Көптеген қазақ азаматтары орыс тілінде білім алуға мәжбүр болып, ұлттың тілдік және мәдени тұтастығына елеулі нұқсан келді.

Кеңес кезеңіндегі тіл саясаты ұлттардың өзіндік ерекшеліктерін жоюға және «біртұтас кеңес халқын» құруға бағытталды. Бұл саясаттың салдарынан қазақ халқының тілдік мұрасы мен мәдениетін сақтап қалу жолындағы күресі ұзақ әрі қиын болды. Кеңес билігінің бұл әрекеттері тілдің дамуындағы табиғи үрдістерге қарама-қайшы келіп, қазақ халқының ұлттық санасының қалыптасуына кедергі жасады. Тілдік қысымның салдары бүгінгі күні де айқын байқалады, және Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қазақ тілі өзінің табиғи орнына оралу жолында күрделі реформаларды бастан өткеруде.

Қорытындылай келе, кеңестік тіл саясаты қазақ ұлтының мәдени және тілдік мұрасына нұқсан келтіргенімен, бұл тарихи кезең халықтың ұлттық сана-сезімін нығайтуға ықпал етті. Қазақ тілін қайта жандандыру мен дамыту қазіргі Қазақстанның басты міндеттерінің біріне айналды, ал кеңестік тәжірибе болашақ тіл саясаты үшін сабақ болып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Буйраева Ж.Ө., Ахантаева Ә.Ж. Қазақстан тарихы. – Алматы: 2014. – 183 б.
- 2 Двенадцатый съезд РКП (б): стенографический отчет. – М: Политиздат, 1968. – 903 с.
- 3 А.Сейсенбаева. Толғауы тоқсан қызыл тіл (кеңес дәуіріндегі тілдер тағдыры). URL: <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8834>.
- 4 Языковая политика в Казахстане (1921-1990 годы): Сб. документов / Сост. М.К. Айбасова, Р.К. Имажанова, Г.Т. Исахан, Б.Ж. Кабдушев. – Алматы: Қазақ университеті. – 1997. – 325 с.
- 5 Кеңес үкіметі жылдарындағы Қазақстандағы тіл саясаты (1917-1991 жж.): монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2019. – 250 б.
- 6 Махат Д. Тілмен діл тағдыры: Тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат: мақалалар мен зерттеулер. – Астана, 2007. – 192 б.
- 7 Қоскеева Ә.М. Кеңестік идеологияның ұлт зиялыларына тигізген әсері // World Science. – 2016. – № 7(11), Vol. 3.
- 8 Жуманова А.З. 1940-1980 жж. білім беру жүйесіндегі тілдік реформа және оның жүзеге асуы. Edu.e-history.kz. 2019. № 2(18).
- 9 Бір хаттың сыры / Б. Момышұлы // Жалын. – 2008. – № 5. – Б. 26-30.

ҒТАМР 17.07.31

МИКРОЖАНРЛАР ЖАЙЛЫ ҚАЗАҚ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ

А.З. Нурақбаева

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі микрожанрлардың зерттелу тарихы мен олардың жанрлық ерекшеліктеріне арналған қазақ зерттеушілерінің көзқарастары қарастырылады. Микрожанр ұғымының қазақ әдебиетінде қалыптасуы, оның шеңберінде жазылған шығармалардың маңызы мен стильдік ерекшеліктері жан-жақты талданады. Зерттеуде микрожанрлардың қазақ прозасының заманауи бағыттары мен көркемдік ізденістеріндегі орны айқындалып, қазақ әдебиеттану ғылымындағы пікірлер мен тұжырымдар сарапталады. Авторлар бұл саладағы зерттеулердің қазақ мәдениеті мен әдебиетіне қосқан үлесін де талқылайды.

Түйін сөздер: проза, әдебиет, микрожанр, қысқа әңгіме, минимизация.

Қазіргі қазақ прозасының дамуындағы маңызды бағыттардың бірі – микрожанрлардың құрылымы мен жанрлық ерекшеліктерін талдау. Әсіресе, тәуелсіздік кезеңіндегі шағын прозаның жаңаша тынысы мен формалық ерекшеліктері бұл тақырыптың өзектілігін арттыра түсуде. Шағын жанрлар шығармашылық формасы ретінде заман ағымымен үндесетін жаңа мазмұндар мен стильдік тәсілдерді зерделеуге мүмкіндік береді. Дегенмен, қазақ әдебиетінде микрожанрлардың теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жеткілікті деңгейде зерттелмегені бұл мәселені терең қарастыруды қажет етеді.

Әдебиеттанушы Р.Нұрғали жанрлық бөліністердің шарттылығын атап өтіп, «жанрлар арасын пышақпен кесіп тастауға болмайды» деген тұжырым жасаған. Оның пікірінше, әңгіме, хикаят, роман сияқты жанрлар өзара тығыз байланысты және олардың ерекшеліктері мазмұндық, құрылымдық сипаттамалармен анықталады [1, 8 б.]. Мәселен, көтерілетін шындықтың ауқымы, оқиғалардың көлемі, кейіпкерлер характерінің ашылу деңгейі жанрды нақтылаудың негізгі критерийлері болып табылады. Бұл тұжырым шағын прозаның табиғатын тереңірек түсінуге негіз болады.

Микрожанрлардағы ерекшеліктердің бірі – жанрлардың өзара ықпалдастығы. Мысалы, кейбір поэмалардың прозалық әңгімеге тән шағындық сипат алуы немесе новеллалардың ықшам сюжетімен ерекшеленуі осы құбылысты дәлелдейді.

Жанр мәселесі қазақ әдебиетінің тарихи-сабақтастық және жанрлық жіктелу дәстүрі аясында кеңінен зерттелді. Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, Р.Нұрғалиев, М. Қаратаев, А. Ісімақова сияқты ғалымдардың зерттеулері бұл бағыттағы маңызды еңбектер болып табылады. Қ. Жұмалиев әдебиеттің тегі мен жанрын бір ұғым ретінде қарастырып, жанрлардың эпостық, лирикалық және драмалық болып бөлінуін ұсынса, З. Қабдолов тек пен түрді жанрмен тең ұғым ретінде сипаттайды.

М. Қаратаевтың «Жанр сипаты» еңбегінде жанрдың ұлттық әдебиетке ықпалдасуы қарастырылып, қазақ көркем сөз өнерінің фольклорлық дәстүрлерге негізделіп отырып жаңа сипат алғаны айтылады. Сонымен қатар, жанрдың заман өзгерісіне сәйкес мазмұны мен мағынасы жаңарып, әдеби шығармашылықта жаңа формалар мен стильдер қалыптасатыны атап өтіледі [2, 5 б.].

Эпикалық жанрдың шағын формаларына қатысты Мекерия Атымұмов адамның характерін белгілі бір эпизод аясында көрсетуге мүмкіндік беретіні туралы пікір білдірген. Оның ойынша, шағын формадағы шығармаларда кейіпкерлер саны мен оқиғалар көлемі шектеулі болады. Бұл ерекшеліктер микрожанрлардың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін ашуда маңызды болып табылады.

А. Ісімақова өзінің «Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль» еңбегінде қазақ әдебиетінің өзіндік жанрлық репертуары туралы айта отырып, ұлттық көркем дәстүрлердің маңызын атап өтеді. Оның пікірінше, сыртқы әдеби ықпал ұлттық әдебиетте жаңа жанр қалыптастыру үшін жеткіліксіз; мұндай процесс тек ұлттық эстетикалық негіздермен үйлескенде ғана жүзеге асады [3, 46 б.].

Жанрдың қалыптасуы – ғасырлармен өлшенетін ұзақ процесс. Жанрлардың пайда болуы мен қалыптасу процесі – бұл әдебиеттің өзі өмір сүретін тірі тарихы, ол әлемдік әдебиеттің жалпы даму заңдылықтарын қайталап қана қоймай, сонымен қатар өзіндік ерекше жанрлық сипаттары арқылы ерекшеленіп, әдебиетке оның айрықша белгілерін береді», -деп айтып өткендей, кез келген жанр әдебиетте өздігінен пайда болатын құбылыс емес.

Дәстүрлі шағын жанрлар – мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары және аңыз-әңгімелер қазақ әдебиетінің көркемдік негіздерін құрайды. Алайда қазіргі қазақ прозасында микрожанрлардың жаңа формалары пайда болып, олардың құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері ерекше қызығушылық туғызуда.

Кеңестік кезеңде жазылған әңгімелерге арналып жазылған нақты екі ғылыми құнды еңбекті атауға болады. Біріншісі, Р.Рүстембекованың «Қазіргі қазақ әңгімелері», екіншісі, С.Шарабасовтың «Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанры». Р.Рүстембекова өз еңбегінде 1960 жылдан бастап, тәуелсіздікке дейінгі кезеңдегі әңгіме жанрының өткен жолын қарастырып, жанрлық сипатына, стильдік ерекшеліктеріне тоқталады. Әңгіменің фольклормен байланысы, жазушының тіл шеберлігі, образ жасау ерекшелігі, пейзаждың әңгімедегі қолданысы туралы толғаныстар мен ғылыми тұжырымдар жасаған.

С.Шарабасов өз еңбегінде 1960-1980 жылдары жазылған қазақ әңгімелерінің көркемдік әлемін талдайды. Ғалым әңгіме жанрының даму деңгейі

мен мазмұндық-формалық ерекшеліктерін қазақ әңгімесінің бастапқы кезеңімен салыстыра талдап, артық-кем тұстарына байланысты ғылыми-теориялық фактілер ұсынады. Еңбектердің құндылығы:

- Әңгімені эпостың басқа түрлерінен бөліп алып, жеке зерттеуі.
- Әңгіме жанрының архетипін, бастауын айқындауы.
- Әңгімелердің пейзаж, психология, портрет сияқты компоненттерін даралап талдауы.
- Әңгіме жанрының спецификасы мен характер ерекшеліктерін айқындау туралы тұжырымдарды жатқызуға болады.

Әдебиеттанушы С.Шарабасов қысқа әңгіменің өзіндік спецификасын анықтап берді. Ол: «Қысқа әңгіме – үлкен өмірдің шақпақ үзіндей. Бұл жанр түрінің спецификасы еркін, қызу қанды эсседен, публицистикалық суреттеулерден, сатиралық миниатюралардан мүлдем бөлек. Қысқа әңгімелер – шағын жанрдың ерекше түрі. Бұл өзекті проблемаға құрылған, композициясы жағынан өте сығылған пружина іспетті дүние. Қысқа әңгімелерде ішкі динамикасы, характердің қақтығысы сұмдық ұшқыр. Тілі барынша шақ, ұста жұмсалады. Міне, осы қасиеттер қысқа әңгімелердің төтенше әдеби-эстетикалық заңдылығы екендігін түсіндіреді», – деп жазады. Бұл сипаттама қысқа әңгімелердің композициялық ерекшеліктері мен тілдік жинақылығын дәлме-дәл бейнелейді. Сонымен қатар, Шарабасовтың бұл ойлары қазіргі қазақ прозасындағы микрожанрлардың эстетикалық және идеялық мазмұнын терең түсінуге мүмкіндік береді [4, 5 б.].

Заманауи ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы барлық салаларға өз әсерін тигізіп, қоғам өмірінің көптеген қырын өзгерткен жағдайда, әдебиет те бұл үдерістен тыс қалмады. Әдебиет саласында байқалатын негізгі тенденциялардың бірі – минимизация, яғни форманың ықшамдалуы мен мазмұнның қысқа әрі нақты берілуі. Бұл үрдіс жаңа әдеби формалардың, соның ішінде микрожанрлардың қалыптасуына ықпал етуде. Әдебиеттегі бұл құбылыс, әсіресе қазақ прозасында соңғы онжылдықта ерекше көзге түсіп, зерттеушілердің назарын аударып келеді.

Әдебиеттанушы ғалым А.Темірболат тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасына шолу жасай отырып, әдеби формалардың жаңа қырлары мен жанрлық ізденістерін атап өтеді. Ол өзінің мақаласында: «Идеялық-тақырыптық мазмұнның жаңаруы форма саласындағы көркемдік ізденістерге, тәжірибелерге әкелді. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасында жанрлардың жаңаруы, түрленуі байқалады. Жаңа формалар пайда болуда», – деп жазады. Бұл пікір ұлттық әдебиеттегі жаңа жанрлар мен формалардың пайда болып жатқандығын айқындай түседі [5, 27 б.].

Қазіргі қазақ прозасындағы жанрлық эволюцияның бір тармағы ретінде микрожанрлар немесе зерттеушілер атап өткендей, «шағын жанрлар» (ары қарай микрожанр – «шағын жанр») айрықша орын алуда. Алайда қазақ әдебиетінде шағын жанрлар жайлы нақты жазылған зерттеулер жоқ. Мұны әлемдік әдебиетте әлі нақты теория қалыптаспағаннан деп түсінеміз.

Отандық зерттеушілердің шағын жанрларға деген көзқарасы осы терминнің баламаларын қолдануда көрініс табады. Әдебиеттанушы Б.Керімбекова бұл феноменді «шағын жанрлар» деп атауды жөн көреді. Оның пайымынша, бұл жанрлардың оқырманға жақындығы мен мазмұнды жеткізудегі ықшамдылығы қазіргі заман әдебиетінің маңызды қасиеттерінің бірі болып табылады. Ол өз сұқбатында: «Бүгінде (салыстырмалы түрде айтсақ) шағын жанр жақсы оқылуда. Оқырман жүрегіне оңай жететін лириканың қашан да өтімді екені анық. Ал проза саласында сюжеті тосын, кейіпкерлері өзгеше ойлайтын, шешімі таң қалдыратын әңгіме, повестерге қызығушылық басым болуда. Тарихи тақырыпта жазылған санаулы романдар болмаса, бүгінгі оқырман кең көлемді шығарма оқуға бейім емес. Бұл тұрғыда «Сіз неліктен роман жазбайсыз?», – деп бүгінгі жазушыға да, «Сен неге 400-500 беттік романдарды оқымайсың?», – деп бүгінгі оқырманға кінә арта алмаймыз. Себебі, бүгінгі уақыт өзі сияқты әдебиеттен де қысқалықты, нақтылықты, жинақылықты талап етеді», – деп тұжырымдайды [6]. Бұл пікірден көрініп тұрғандай, қазіргі заман әдебиеті мазмұнды ықшамдап, оқырманға ойды барынша шоғырланған формада жеткізуге ұмтылады.

Қазақ зерттеушілері тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттің жаңа бағыттарын талдай отырып, шағын жанрды ерекше назарда ұстайды. Әдебиеттегі минимизация үрдісінің қазақ прозасына тигізген әсері, соның ішінде микрожанрлардың дамуы, ұлттық әдебиеттің жаңа қырларын ашып көрсетеді.

Әдебиеттанушы Г. Сәулембек бір сұқбатында: «Қазіргі әдебиеттің көшін лирика бастап тұрғаны анық. Лирика мен драмалық шығармалар оқырманға тез жететіндіктен басымдық осы жанрда жазылған шығармаларда болып тұр. Прозаны да тұралап қалды деуге келмейді. Прозаның шағын жанрлары да көптеп жазылуда», – деп қазіргі әдебиетте шағын жанрлардың сұранысқа ие екендігін атап өтеді [7].

Әлеуметтік желілер мен сандық платформалардың пайда болуы ықшам әрі мазмұнды жазбаларға сұранысты арттырды. Бұл микрожанрлардың дамуы үшін қосымша импульс беріп, жаңа форматтардың қалыптасуына ықпал етті. Қазіргі қазақ прозасындағы микрожанрлардың осы заманауи коммуникациялық мүмкіндіктермен сабақтастығы олардың болашақтағы әлеуетін аша түседі.

Сонымен қатар, қазақ әдебиетінде шағын жанрлардың өзіндік ұлттық ерекшеліктері де бар екендігін жоғарыда атап өттік. Бұл жанрлардың дамуына фольклорлық дәстүрдің ықпалы зор. Халық ауыз әдебиетіндегі шағын мәтіндер – мақал-мәтелдер, аңыз-әпсаналар, шешендік сөздер – қазіргі микрожанрлардың архетипі ретінде қарастырылады. Осы дәстүрдің жалғасын қазіргі заманғы қазақ жазушыларының шығармашылығынан байқауға болады.

Қазақ әдебиетінде микрожанрлардың ерекше формалары мен мазмұны арқылы ұлттық дүниетанымның тереңдігін, заман талаптарына сәйкес жаңашылдық пен дәстүр сабақтастығын айқындауға болады. Бұл бағыттағы зерттеулер тек қазақ әдебиетінің ғана емес, әлемдік әдебиеттің де жаңа мүмкіндіктерін ашып, әдебиет теориясының дамуына үлес қосатыны сөзсіз.

Қазақ әдебиетіндегі шағын жанрлардың зерттелуі әлі де тереңірек қарастыруды қажет ететін тың бағыттардың бірі, өйткені шағын жанр әдебиеттану ғылымында шығармашылық ізденістердің жаңа көкжиегін ашады. Ол тек форма тұрғысынан ғана емес, мазмұнды жаңарту, дәстүр мен жаңашылдықты біріктіру құралы ретінде маңызды.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Нұрғалиев Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.
- 2 Жанр сипаты. Редакциясын басқарған М.Қ. Қаратаев. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1971. – 268 б.
- 3 Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). – Алматы: Ғылым, 1998. – 394 с.
- 4 Шарабасов С. Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанры. – Алматы: Өлке, 2001. – 183 б.
- 5 Темірболат А.Б. Особенности развития казахской прозы в период независимости // Керуен. – 2023. – №1 (78). – с. 25-38.
- 6 Керімбекова Б. Бүгінде шағын жанр жақсы оқылуда // Қазақ әдебиеті . – 2017. 3-9 қараша (№ 45).
- 7 Сәулембек Г. Қазіргі әдебиеттің көшін лирика бастап тұр. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazirgi-adebiettin-kosin-lirika-bastap-tur__24464.

ГРНТИ 02.15.99

ВЛИЯНИЕ ЦЕНЗУРЫ В XX ВЕКЕ

С.М. Болатбек

Магистрант, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, г. Астана

В данной статье раскрываются такие понятия, как цензура, Самиздат, управляемая цензура, библиотеки США и многое другое. Рассматривается тема влияния цензуры в XX веке на теоретических источниках. В ходе рассмотрения различных теоретических работ мы выяснили основные понятия цензуры и как она влияла на культуру и политику различных стран (в основном страны бывшего СССР и США). По результатам исследования, сделан вывод и обоснованы основные мысли.

Ключевые слова: классическая мировая культура, цензура, Самиздат, информпространство, публичное лицо.

В Большом толковом словаре цензура описывается, как строгий надзор над выпуском в люди, любого вида информации (печатной, устной на сцене и телевидение, радио и т.д.).

В СССР, например была очень строгая цензура. Существовал строгий контроль советских и партийных органов над содержанием и распространением различного рода информации. Сюда относятся и печатные издания, музыкальные, сценические произведения, радио, телевидение, киноиндустрия. Это все делалось для ограничения распространения идей, которые были не нужны и нежелательны для правительства.

Многие русские поэты заплатились свободой и своей жизнью за написание стихов, которые порочили правительство. Например, поэт Осип Мандельштам был несколько раз выслан в ссылку за написание стихов о вожде И.В. Сталине, в оскорбительном характере.

Русский поэт и лауреат Нобелевской премии И.А. Бунин, в 1920 г. покинул Россию и отправился во Францию из-за произведений, полных ненависти к большевикам. Марина Цветаева также получила запрет на печать, за ее верные принципы прежнему укладу жизни. Ей пришлось вместе с мужем покинуть свою страну и обосноваться в Праге. Но тоска по Родине была велика, и она в 1939 году возвращается в Советский Союз. И тут понеслось. Муж арестован, дочь и сестра тоже. Поставлен запрет на печать. И так в нищете и расстройстве она кончает с собой, а следом расстрелян ее муж и сын погибает на войне. Многие писатели не могли мириться с идеологией революционеров и после запретов на

печать, конечно, их жизнь заканчивалась трагично. Так, литературу Серебряного века можно описать, как хаос, кровь, беспредел революционных лет и гражданские войны. Это все задавило, намертво, духовное развитие страны и страна потеряла выдающихся людей и поэтов [1].

В 1944 году Николай Глазков стал выпускать самодельные небольшие книжки с подписью «Самсебяздат», так как его тексты не проходили цензуру и не печатались. На рубеже 60-х годов это слово сократили до «Самиздата» и стали активно использовать. А в 1959 году Александр Гинзбург выпустил сборник, куда вошли произведения запрещенных поэтов. Так этот термин закрепился в СССР. Сюда же относились и переводы зарубежных авторов. Здесь советские читатели познакомились с работами Кафки, Оруэлла, Камю, Сент-Экзюпери и др. Так в 80-е годы появилось деление на «производителей» и «покупателей». В настоящее время данный термин имеет другое значение. Он обозначает то, что автор может публиковать на просторах Интернета [2].

Но в свою очередь цензура сподвигла мыслителей и писателей современности на создание мощной и влиятельной литературы. Да, многое, не разрешалось, но писатели находили возможности донести до читателя свои мысли. С помощью цензуры смогли произойти социальные изменения и открылись новые возможности для самовыражения, не только в литературе, но и в других областях освещения событий в стране. Несмотря на всю серьезность запрета на изложение собственных мыслей в XX веке, все же многие произведения смогли пережить цензуру и стать частью классической мировой культуры. Например, произведения Михаила Булгакова [3].

Таким образом можно сказать, что на территории СССР, в том числе и КазССР, цензура действительно мешала творческому и культурному развитию, препятствовала свободе самовыражения, ограничивала свободу слова и творческого развития всего народа. Сейчас мы бы имели намного больше представления об истории нашей страны, многие произведения и документы об истинном положении того устоя и порядка просто не дошли до нас из-за цензуры.

Рассматривая обстановку, в СССР нельзя сказать, что цензура была только в наших странах. На самом же деле цензура была всегда и везде, во всех странах: Китай, Корея, весь Запад. Хотя и кажется, что на западе свобода слова и полная толерантность и что вообще эти страны далеко продвинулись вперед от нас, но нет это вовсе не так.

На самом же деле цензура была и есть до сих пор большой проблемой США. На протяжении всей истории Соединенных Штатов существует множество примеров цензуры и попыток ее осуществления. Цензура часто рассматривается как нарушение Первой поправки и права на свободу слова. Однако толкование Первой поправки не является конкретным, и на протяжении всей истории США суды пытались решить, какие свободы на самом деле защищены Первой поправкой. На самом высоком уровне Верховный суд США заслушал множество дел, касающихся Первой поправки и свободы слова.

Одна из старейших и наиболее часто упоминаемых причин, по которой многие книги оспариваются и подвергаются цензуре в Соединенных Штатах,

заключается в том, что книга или другой материал содержит непристойности. Как пишет Вахсбергер (Wachsberger, 2006), «История книг, подвергшихся цензуре за изображение сексуальных актов – независимо от того, было ли выбрано слово «порнография», «эротика» или «непристойность», – это увлекательная история судебной системы нашей страны». Одним из первых дел, связанных с проблемой непристойности, является дело Rosen против Великобритании. Соединенные Штаты (1896), в котором ответчик якобы использовал почтовую службу США для отправки материалов, которые были сочтены «непристойными, непристойно-похотливыми» (Rosen v. United States, 1896, пункт 43). В своем постановлении Верховный суд принял тот же стандарт непристойности, который был сформулирован в известном британском деле Regina v. Hicklin (1868). Тест Хиклина определял материал как непристойный, если он имел тенденцию «развращать тех, чьи умы открыты для такого аморального влияния и в чьи руки может попасть публикация такого рода» (Rosen v. United States, 1896, пункт 43). Верховный суд оставил обвинительный приговор в силе.

В 1873 году Конгресс США принял Закон Комстока (1873), который признал преступлением сознательную рассылку непристойных материалов или рекламы, а также информации о непристойных материалах, абортах или контрацепции (de Grazia 1992). Примечательно, что, хотя корни Закона уходят в 1775 год, и первоначально он был направлен на поддержку концепции интеллектуальной свободы, Закон Комстока (1873) является лишь одним из многих примеров того, как почтовая служба на протяжении всей своей истории принимала законы и выступала в качестве цензора (Darling 1979; Paul and Schwartz 1961).

Раса и этническое происхождение были факторами, влияющими на цензуру, с самого начала движения за публичные библиотеки. В первых публичных библиотеках в 1850-х годах библиотекарями и попечителями библиотек часто были белые образованные мужчины из высшего общества, которые часто были целевой аудиторией публичной библиотеки (Harris, 1973). Однако 1890-е годы ознаменовались огромным притоком иммигрантов в Соединенные Штаты. В период с 1893 по 1917 год из Южной и Восточной Европы прибыло 7 миллионов иммигрантов. Это заставило людей опасаться за «американский образ жизни». В ответ публичные библиотеки начали предлагать программы и занятия для иммигрантов с целью их «американизации» (Harris, 1973).

В эпоху Карнеги (1889-1917) шотландско-американский бизнесмен Эндрю Карнеги выделил 41 миллион долларов на строительство 1679 зданий публичных библиотек в 1412 населенных пунктах США. Однако некоторые сообщества отказывались от грантов Карнеги, приводя различные доводы. Иногда это была гордость, иногда – классовая принадлежность, а иногда – расовая принадлежность. Это было особенно актуально на сегрегированном Юге в эпоху Джима Кроу, где многие гранты Карнеги были отклонены из-за того, что

общественные лидеры считали, что Бесплатная библиотека Карнеги должна принимать чернокожих людей.

Еще один пример расовой цензуры в публичных библиотеках появился в 1901 году, когда компания «Х.У. Уилсон Компани» начала издавать «Руководство для читателей по периодической литературе». «Руководство для читателей» представляло собой перечень периодических изданий, которые публичные библиотеки часто использовали в качестве рекомендаций для своих коллекций. Однако периодические издания, издаваемые маргинализированными группами, такими как афро- или испаноязычные американцы, не могли быть включены в Справочник для читателей. Это ставило их в явно невыгодное положение, поскольку в то время публичные библиотеки, как правило, не оформляли на них подписку.

Важным моментом в истории публичных библиотек является их интеграция. После Второй мировой войны начались усилия по интеграции публичных библиотек на юге Америки. В ответ на эти усилия по интеграции «библиотекари по всей стране в основном молчали и практически отсутствовали». В 1954 году Верховный суд постановил в деле Браун против Совета по образованию, что принцип «раздельные, но равные» больше не является законным.

Цензура также может быть обусловлена религиозными убеждениями. Согласно Пребору и Гордону (Prebor, 2015), «Цензура на религиозной почве является одной из наиболее распространенных форм цензуры и существует с древних времен». Религиозные тексты, такие как Библия, Талмуд и Коран, в свое время подвергались цензуре. Даже такие популярные издания, как серия книг Джоан Роулинг о Гарри Поттере, подвергались цензуре по религиозным мотивам из-за того, что в книгах рассказывалось о колдовстве.

В истории публичных библиотек цензура по религиозным мотивам в основном наблюдалась на рубеже двадцатого века, когда между публичными библиотеками и Римско-католической церковью возникла напряженность. В 1895 году католики из Портленда, штат Орегон, пожаловались, что в их публичной библиотеке нет католических журналов, на которые они подписывались. Кроме того, из 1400 книг того времени, которые в десятичной системе Дьюи классифицировались как религиозные, ни одна не была написана католическим автором. В итоге это привело к тому, что священник из Форт-Уэйна, штат Индиана, заявил, что, поскольку католики платят налоги на содержание библиотеки, они должны быть представлены в библиотечном совете и что любые книги, нападающие на церковь, должны быть удалены.

Верховный суд рассматривал множество дел, касающихся прав студентов, предусмотренных Первой поправкой. В деле Совета по образованию Западной Вирджинии против Барнетта (1943) двое учеников, чья религия, Свидетели Иеговы, запрещала им отдавать честь символам или приносить клятвы, были исключены из школы за отказ отдать честь американскому флагу и произнести клятву верности. При голосовании 6:3 суд вынес решение в пользу студентов.

В деле «Тинкер против независимого школьного округа Де-Мойна» (1969) трое учеников, в том числе брат и сестра Джон Ф. Тинкер и Мэри Бет Тинкер, а также их друг Кристофер Экхардт, были исключены из школы после того, как они носили черные повязки на руках в знак символического протеста против войны во Вьетнаме. Верховный суд постановил, что учащиеся «не могут отказываться от своих конституционных прав у ворот школы» и что «Первая поправка защищает права учащихся государственных школ на выражение политических и социальных взглядов».

В 1975 году члены школьного совета школьного округа Айленд-Триз распорядились изъять некоторые книги из библиотек средней и младшей школы на том основании, что они были «антиамериканскими, антихристианскими, антисемитскими и просто грязными», как считала цензура.

Была создана организация MPPDA, которая позже стала известна как Американская ассоциация кинематографистов (МРАА), приняла Производственный кодекс в 1930 году и начала строго соблюдать его в 1934 году. В Производственном кодексе четко прописано, какой контент является приемлемым, а какой – неприемлемым для кинофильмов, произведенных в Соединенных Штатах, также по сей день применяются попытки ограничить распространение порнографии и другой запрещенной информации в интернете [4].

Цензура в Казахстане была отменена еще при Горбачеве. Запрет на цензуру закреплен в Конституции Казахстана. Но так ли это на самом деле, это большой вопрос. Пункт 1 статьи 20 Конституции Казахстана гласит: «Свобода слова и творчества гарантируется. Цензура запрещается». Что говорит о том, что каждый имеет право на свободное получение и распространение информации любым, не запрещенным законом способом [5].

Несмотря на то, что цензура запрещена Конституцией, казахстанское законодательство содержит ограничения на распространение определенного рода информации. Соответственно журналисты обязаны практиковать самоцензуру, заявляет директор и соучредитель правового медиацентра, Диана Окременова. Также цензура зависит от того, кто финансирует какое-либо издание. Это могут быть государственные органы, бизнес или зарубежные гранты и от в большинстве случаев от этого зависит, что именно будет написано и что опубликуют. Окременова заявляет, что у нас в стране «свобода слова» – это «управляемая цензура». В настоящее время 98% казахстанских СМИ получают госинформзаказ, отмечает юрист Гульмира Биржанова.

Особенно после трагических январских событий, которые произошли в Казахстане 2022 года, ситуация с цензурой стала еще интересней.

До этих событий, когда страной управляло предыдущее правительство, про главу страны и его семью можно было говорить только либо хорошо, либо вообще никак. Министерство информации и общественного развития (МИОР) очень строго отбирают информацию, которая поступит в общее употребление. МИОР круглосуточно мониторят все информпространство.

Да, сейчас, после кровавого января все разом заговорили про бывшего главу и его семью, стали говорить свободнее. Раньше Елбасы был в числе неприкасаемых, как все его соратники и вся семья. Сейчас начали выносить негативную информацию против бывшего главу страны. Но значит ли это, что Казахстан стал свободным от цензуры. Конечно нет. Общие настройки остались прежними: никакой критики в адрес правительства и МИОР, как и раньше, раздает инструкции на различных встречах и совещаниях, о том, что необходимо больше позитива. Так делятся своими проблемами многие журналисты и представители современного СМИ. Среди сторон власти идет негласная цензура, чтобы обходили стороной именно вопросы, в том числе, январских событий.

Вместе с тем, министр информации и общественного развития Аскар Умаров заявляет, что Министерство в своей работе вовсе не преследует цели и задачи по запрету освещения определенных тем. Министерство придерживается политики свободы слова и считает, что нет тем, которые являются запретными. Министерство готово защищать права и свободы представителей СМИ.

По состоянию на 3 мая 2022 года в Казахстане было зарегистрировано 4895 СМИ, из которых 3672 составляют печатные издания, 191 – телеканалы, 84 – радио, 948 – информационные агентства и сетевые издания. Также отмечено, что 95% новостных агентств являются частными и только 5% – государственными.

Действующий президент Казахстана, Токаев также напоминает, что журналистам стоит освещать насущные проблемы страны и не заниматься подстрекательством. А также честно освещать события в стране, и не вестись на теневые гонорары из вне.

Также эксперты предлагают закрепить в новом законе определение «публичное лицо». Так, по их мнению, это положительно скажется на свободе слова в Казахстане, и чиновники перестанут подавать заявления в суд на неугодных им журналистов, с не понравившимся материалом. [6]

В заключении можно отметить, что Цензура в XX веке на территории бывшего СССР была действительно крепко закреплена, также в США именно в это же время цензура была большой проблемой. Запрещались многие взгляды и свобода слова. Запрещалось истинное освещение настоящей обстановки в стране. Многие авторы и люди, которые искали правду и свободу, вынуждены были переехать в другие страны или же провести всю жизнь в ссылке. Многие выдающиеся умы за неугодные тексты заплатили своими жизнями, а также их семьи были разрушены. В XX веке была полная ограниченность и диктатура. Многие исторические и литературные памятники были утеряны, что имело бы сейчас огромную ценность для будущего поколения. Сейчас по закону цензуры нет, но негласно она все же существует. До сих пор решается какие тексты будут публиковаться, какие фильмы выйдут на экран. Что будут транслировать по новостям и передачам. В общем обстановка не сильно изменилась.

Но в то же время цензура помогает развиваться стране в культурном плане. Цензура дарит нам важные исторические и культурные памятники, которые смогли пережить все, через года. В политическом смысле цензура помогла

увидеть и сделать некоторые поправки, как например в США. Поправки о свободе слова и толерантности, о принятии общих законов для всех, в независимости, от расы, национальности и происхождения, особенно это касается многонациональных стран. Таким образом влияние цензуры, это очень важный исторический переворот в культуре.

Литература

- 1 Юстус Н.А., Петрова А.А., Саньков М.А. (2016), Цензура XX века, как пагубное влияние на развитие культурной жизни СССР.
- 2 Онлайн-журнал (2020 г.), Самиздат в СССР: цензура, риск, литература. URL: <https://eksmo.ru/selections/samizdat-v-sssr-ID15545558/>.
- 3 От цензуры к свободе: как слово стало орудием в литературе XX века (2023 г.). URL: https://dzen.ru/a/ZJgv_f3jwF1PZf9u.
- 4 Jennifer Elaine Steele (2020) A History of Censorship in the United States. URL: <https://journals.ala.org/index.php/jifp/article/view/7208/10293>.
- 5 Радио Азаттык, Права человека (2010 г.), Цензуру Главлита в Казахстане заменила угроза тюрьмы, говорят эксперты. URL: https://rus.azattyq.org/a/censorship_kazakhstan_law/2119429.html.
- 6 Ауеспекова А. (2022 г.) С полузакрытым ртом: есть ли цензура в Новом Казахстане. URL: <https://orda.kz/s-poluzakrytyy-rtom-est-li-cenzura-v-novom-kazahstane/>.

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКА**

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА

SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

SRSTI 06.81.12

ENTERPRISE COMPETITIVENESS: FACTORS AND WAYS TO INCREASE

Wang Kangyu

EMBA, Al-Farabi business school, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty

L.A. Kuanova

PhD, Al-Farabi business school, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty

Competitiveness is a multifaceted economic category, which is interpreted ambiguously in many sources. In addition, the article considers the main variables affecting the ability of enterprises to compete in a modern market economy. Innovations, high-quality products, rapid adaptation to market changes, effective resource management and brand development are among the key components. The procedure for assessing the competitiveness of the organization is taken into account. Various strategies to increase competitiveness are considered, such as the use of new technologies, optimization of production procedures, increased customer support and training of qualified personnel. The need to implement creative ideas and quickly adapt to changes in the external environment is highlighted.

Сурет 1. Функция өседі.

$y = \left(\frac{1}{2}\right)^x$ функцияның графигін салатын болсақ (кесте 2).

Кесте 2.

x	-3	-2	-1	0	1	2	3
y	8	4	2	1	$\frac{1}{2}$	$\frac{1}{4}$	$\frac{1}{8}$



Сурет 2. Функция кемиді.

$y = a^x$, $a > 0$, $a \neq 1$ функциясының негізгі қасиеттері:

- 1) Анықталу облысы: Көрсеткіштік функция барлық нақты сандар үшін анықталған, яғни $x \in \mathbb{R}$;
- 2) Мәндер облысы: Функцияның мәні тек оң сандармен шектеледі, яғни $y \in \mathbb{R}$;
- 3) Өсу және кему: Егер $a > 1$ болса, функция өседі, ал $0 < a < 1$ болса, функция кемиді;
- 4) Барлық $x \in \mathbb{R}$ нақты сандар жиынында $y = a^x$ ($a > 0$, $a \neq 1$) функциясы үзіліссіз;
- 5) Кез-келген $a > 0$ үшін $a^0 = 1$, демек, $y = a^x$ функциясының графигі координаталары $(0; 1)$ болатын нүкте арқылы өтеді.

Көрсеткіштік функцияның негізгі қасиеттеріне мысалдар қарастырайық.

1. $y = f(x)$ функциясының анықталу облысын табыңдар:


$$f(x) = 4^{\frac{1}{x}}$$

Шешуі. Көрсеткіштік функцияның анықталу облысы – барлық нақты сандар жиыны $(-\infty; +\infty)$.

$x=0$ болғанда функция анықталмайды, ал қалған барлық нақты мәндер үшін $f(x)$ анықталған. Функцияның анықталу облысы $(-\infty; 0) \cup (0; +\infty)$.

Жауабы: $(-\infty; 0) \cup (0; +\infty)$.

2. Функцияның графигін сал: $f(x) = 5^x$



Сурет 3. GeoGebra қосымшасы арқылы.

3. Салымшының бастапқы капиталы 10000 тг, пайыздық жылдық 6% мөлшерлеме, 5 жылға салым, бес жыл өткеннен кейін салым мөлшері қанша болады?

Шешуі: Күрделі пайыздар формуласы $A_n = A_0 \left(1 + \frac{p}{100}\right)^n$

$A_0 = 100000$ тг – бастапқы салым (вклад)

$p = 7\%$ – жылдық процент

$n = 4$ жыл

Формула бойынша салым мөлшері:

$$A_5 = 100000 \left(1 + \frac{7}{100}\right)^4 \approx 131080$$

Жауабы: 131080.

Оқушыларды көрсеткіштік функцияларды шешуге үйретуде әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану олардың бұл тақырыпты тереңірек түсінуіне көмектеседі. Жүйелі оқытуды, интер белсенді оқытуды, нақты әлемдегі қосымшаларды және сараланған қолдауды қамтитын жүйелі тәсілді қолдана отырып, мұғалімдер оқушыларға көрсеткіштік функциялардың күрделілігін меңгеруге мүмкіндік беретін динамикалық оқу ортасын құра алады. Көрсеткіштік функцияларды меңгеру тек білім алушыларға ғана емес, түрлі кәсіптерде де үлкен пайда әкеледі. Бұл функцияларды түсіну қоғамның әртүрлі салаларында тиімді шешімдер қабылдау мен инновациялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Әбілқасымова А.Е., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2020. – 90 б.
- 2 <http://www.ege-study.ru>.
- 3 Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы / А.Е. Әбілқасымова. – Алматы: Мектеп, 2014. – 224 б.
- 4 Экспоненциальные функции – Appenberg Learner.
- 5 Научно-исследовательская работа: «показательная функция в жизни человека». URL: school-science.ru.

ҒТАМР 27.35.33

МЕНЕДЖМЕНТТЕ ЖОҒАРЫ МАТЕМАТИКАНЫ ҚОЛДАНУ

Ш.М. Тұрта

Магистрант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

И.К. Сулейменова

PhD-доктор, аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.

Күн сайын әртүрлі деңгейдегі менеджерлер қызметтің әртүрлі салаларында көптеген сұрақтарға тап болады. Өте маңызды мәселе – барлығын дұрыс ұйымдастыру ғана емес, сонымен қатар олардың бизнесі пайдалы болуы үшін математикалық аппаратты пайдалана отырып, барлық көрсеткіштерді есептей білу. Бұл мақаланың мақсаты – математикадағы білім мен практикалық дағдылар арқылы өндірістің өзекті мәселелерін шешуге, атап айтқанда, берілген шарттарда кәсіпорында максималды өнімді анықтауға болатынын мысалмен көрсету.

Түйін сөздер: менеджмент, жоғары математика, дифференциалды есептеу, пайда.

Біздің компьютерлендіру және нанотехнологиялар дамыған заманда қазіргі өндіріс саласының айрықша ерекшелігі – техникалық және технологиялық базаның үнемі жаңартып отыру процесі. Сондықтан басқару мәселелерінің көпшілігін шешу үшін әртүрлі математикалық аппараттарға ие экономикалық профильдегі білімді, сауатты мамандар қажет.

Менеджер математиканы білудің арқасында ұйымдық жүйелердің үлгілерін таңдай алады, оларды кәсіпорындағы нақты мәселелерге бейімдей алады, сонымен қатар күнделікті кездесетін өндірістік мәселелерді шеше алады. Математикада білімнің барлық саласы үшін бірегей аналитикалық құрал ететін бірқатар ерекшеліктер бар [4].

Бұл аспектілер менеджердің практикалық іс-әрекетіндегі математиканың рөлін зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Жұмыстың мақсаты – басқарудағы математиканың рөлін анықтау.

Ақпараттық базаны басқару мәселелерімен айналысқан, матрицалық алгебраны, векторлық алгебраны, дифференциалдық есептеулерді және математиканың басқа салаларын белсенді қолданатын экономикалық есептерді шешумен айналысқан [1], сонымен қатар ССЭИ электронды кітапханалық жүйесі және тақырып бойынша ғылыми-көпшілік мақалалармен айналысқан

Л.Вальрас, В.Парето, А.Маршалл сияқты экономистердің еңбектері ақпараттық база болып табылады.

Жоғары математиканы менеджментте қолдануды қарастырайық, мысалы, кәсіпорынның өндірістік есебін шешу [5].

Біртекті өнім шығаруға мамандандырылған екі зауытты басқаратын "Күн сыйлықтары" ЖШС менеджері келесі мәселені шешуі керек: алдағы аптадағы жалақыны 8500000 теңге мөлшерінде төлеуге болатын жағдайда екі зауытта да ең көп өнім шығарылуы мүмкін.

Екінші зауыт бірінші зауытпен бірдей уақыт ішінде бірінші зауытқа қарағанда көбірек өнім өндіруге мүмкіндік беретін заманауи жабдықты пайдаланады. Егер бірінші зауытта жұмысшылар аптасына t_2 сағат жұмыс істесе, онда осы уақыт ішінде олар $2t_2$ тауар бірлігін шығарады. Ал егер екінші зауыттың жұмысшылары аптасына t_2 сағат жұмыс істесе, онда осы уақыт ішінде олар $5t_2$ тауар бірлігін шығарады. Екі зауытта да жұмысшының әр сағаты үшін 2800 теңге төленеді.

Бұл мәселені дифференциалды есептеу арқылы шешуге болады [6]. Дифференциалдық есептеу – туынды ұғымдарды және оларды функцияны зерттеуге қалай қолдануға болатынын қарастыратын математикалық талдаудың бір саласы. Яғни, мұндай экономикалық есептің шешімі белгілі бір функцияның экстремалды (максималды) мәнін табуға дейін қысқарады [7]. Функция орналасқан нүктелер экстремалды мәндерді қабылдайды, яғни туынды арқылы табылады. Сондықтан күрделі функцияның туындысын және экстремум нүктелерін қалай табуға болатынын есте сақтау қажет [3].

Мәселен, $y = [\varphi(x)]$ күрделі функциясы берілсін. Берілген функцияның туындысы аралық аргумент бойынша берілген функцияның туындысына тең, ал тәуелді емес айнымалының қатысты аралық аргументтің өзінің туындысына көбейтіледі, яғни $y' = f'(u) * \varphi(x)'$ [2].

Функцияның экстремалды мәндері максималды және минималды мәндерді білдіреді. Бұл мәндер функциялардың маңызды нүктелерінде орналасқан. Функцияның экстремумдарын іздеу – берілген функцияның туындысын табу және оны нөлге теңестіру арқылы оның тендеуінің түбірлерін анықтау болып табылады [2].

Енді теориялық ақпаратқа сүйене отырып, біз бұл өндірістік мәселені шешуге кірісе аламыз.

Шешім. Сонымен, бірінші зауыттағы аптаның жалпы жұмыс уақыты x^2 , ал екінші зауытта y^2 сағатқа тең болсын. Содан кейін, тапсырма шартына сәйкес, зауыттарда сәйкесінше 2^x және 5^y өнім бірлігі шығарылады, ал жиынтық саны $K = 2^x + 5^y$ (өнім бірлігі) болады. Шартқа сәйкес, бұл жұмыс үшін жұмысшыларға $(x^2 + y^2) = 2800$ теңге сомасын төлеу керек. 8500000 теңге төлеуге мүмкіндік бар болғандықтан, біз тендеуді аламыз:

$$\begin{aligned}(x^2 + y^2) * 2800 &= 8500000, \text{ осыдан} \\ (x^2 + y^2) &= 3035, \\ y^2 &= 3035 - x^2,\end{aligned}$$

$$y = \sqrt{(3035 - x^2)}.$$

Осылайша,

$$K = K(x) = 2^x + 5^y = 2x = 5 * \sqrt{3035 - x^2}.$$

Осы функцияның туындысын табамыз:

$$K'(x) = 2 - \frac{5 \cdot 2x}{2 \cdot \sqrt{3035 - x^2}}$$

$$\begin{aligned} K'(x) &= 0, \\ 2 - \frac{5 \cdot 2x}{2 \cdot \sqrt{3035 - x^2}} &= 0. \end{aligned}$$

Осы теңдеуді шешіп, түбірлерді табамыз: $x = \pm 20$. $X = 20$ нүктесі функцияның максималды мәні болып табылады, өйткені дәл осы нүктеде «+» мәнінен «-» мәніне ауысу орын алады.

Енді:

$$\begin{aligned} y &= \sqrt{3035} - 20 = 40, \\ K(20) &= 2 \cdot 20 + 5 \cdot 40 = 240. \end{aligned}$$

Жауап: 240 бірлік өнім.

Осылайша, берілген шарт бойынша екі зауытта да өнім бірліктерінің ең көп саны алынды.

Қорытындылай келе, дифференциалдық есептеудің өңдеуші сектордағы, экономикадағы әртүрлі мәселелерді зерттеу үшін кеңінен қолданылатын құрал екенін атап өтуге болады. Менеджерлер мен экономистердің негізгі міндеті – функция ретінде жазылған экономикалық шамаларды талдау. Олар арнайы мәселелерді шешу процесінде құрылады, мысалы, кәсіпорын өнімінің бағасын өзгерту арқылы оның кірісін көбейту немесе азайту, ең аз шығындармен максималды пайда алу, өндірілген өнімнің санын анықтау және т.б. Оларды шешу үшін функциялар құрастырылады, содан кейін олар дифференциалдық есептеу аппаратының көмегімен талданады. Осыған орай, менеджменттегі математиканың рөлі өте зор.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Журавлева Г.П. Экономическая теория: Макроэкономика. – М.: 2014. – 920 б.
- 2 Кремер Н.Ш. Высшая математика для экономистов: Учебник для вузов. – М.: ЮНИТИ, 2010. – 471 б.

3 Грицко У.А. Высшая математика в менеджменте // Сибирский Федеральный университет. – 2015. – №4. – 3 с.

4 Детушев И.В. Значение математики в образовании будущих специалистов экономического профиля // Ученые записки. Электронный научный журнал Курского государственного университета. – 2016. – №2.

5 Иванова К.Е. Преимущества междисциплинарных исследований в экономике // Экономика и экономические науки. – 2014. – №1. – 210-215 б.

6 Малышева Л.В., Высочанская Е.Ю. Применение прикладных задач на занятиях по математике в экономическом ВУЗ-е // Новая наука: Современное состояние и пути развития. – 2016. – №5-2 (80). – 91-93 с.

7 Малышева Л.В., Высочанская Е.Ю. Моделирование экономических задач с помощью дифференциальных уравнений // Поволжский торгово-экономический журнал. – 2014. – №6(40). – 58-62 с.

ҒТАМР 39.21.21

КАТОН-ҚАРАҒАЙДАҒЫ ТУРИЗМ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАЙЛЫҚ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ

А.С. Кайсарова

Оқытушы, С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.

Ж. Айбек, Н. Алихан

Студенттер, С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.

Катон-Қарағай – Қазақстанның Шығыс Қазақстан облысында орналасқан табиғаты ерекше аймақтардың бірі. Бұл өңір өзінің ғажайып ландшафттарымен, таза ауасымен және алуан түрлі өсімдіктер мен жануарлар әлемімен туристердің назарын аударады. Катон-Қарағай ұлттық табиғи паркі Қазақстанның экологиялық туризм саласындағы маңызды нысандардың бірі болып табылады. Бұл аймақтың туризмге тарту әлеуеті жоғары және ол жергілікті экономиканың дамуына зор үлес қосады.

Түйін сөздер: Катон-Қарағай ұлттық паркі, экологиялық туризм, қар барысы, инфрақұрылымдық жобалар, ауыз су мәселесі, интернет қолжетімділігі.

Қазақстанның тарихы және оның ерекше географиялық орналасуы экологиялық, су туризмі, бизнес, этнографиялық сияқты көптеген туризм түрлерінің дамуына қолайлы жағдайлар жасады. Бүгінгі таңда Қазақстанның ең танымал туристік бағыттары: тау, мәдени, этнографиялық, экологиялық, су және спорт. Катонқарағай ауданы республикадағы ең танымал туристік бағыттардың бірі болып табылады. Катон-Қарағай ұлттық табиғи паркі табиғатты сүйетіндер үшін таптырмас орын. Мұнда таулар, ормандар, өзендер және көгілдір көлдер кездеседі. Таза ауада серуендеу, альпинизм және табиғатты бақылау сияқты әрекеттер туристерге ерекше әсер қалдырады.

Катон-Қарағайда тарихи маңызды орындар көп. Олардың ішінде ежелгі қорғандар, археологиялық ескерткіштер және қазақ халқының мәдениетінің бірегей үлгілері бар. Туристер үшін ерекше қызығушылық тудыратын жерлерге келсек, оның бірі Рахман қайнары – емдік қасиеттерімен танымал ыстық минералды су көзі. Бұл табиғи қайнар катонқарағайлықтар мен туристер арасында кеңінен танымал. Жергілікті халық ерте заманнан бері Рахман қайнарының суы ревматизм, буын аурулары және тері ауруларын емдеуге көмектесетінін біледі. Бұл шипалы су қайнары өзінің құрамындағы

минералдармен ерекшеленеді және жыл сайын мұнда көптеген туристер ем қабылдауға келеді. Катонқарағайдың тағы ең қасиетті және биік нүктелерінің бірі – Мұзтау шыңы (Алтай тауындағы Белуха шыңы деп те аталады). Бұл шыңның биіктігі 4506 метрге жетеді және ол тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы ең биік шыңдардың бірі. Мұзтау – жергілікті халық үшін киелі мекен болып саналады. Оның төңірегіндегі аңыздар мен мифтер бойынша, бұл жер адамзаттың рухани орталығы және әлемнің кіндігі ретінде қарастырылады. Берел қорымы – Катонқарағай ауданының ең танымал археологиялық ескерткіштерінің бірі. Бұл қорым біздің дәуірімізге дейінгі IV-V ғасырларға жататын сақ дәуірінің патшалары мен батырларының жерленген орындарын қамтиды. Қазба жұмыстары кезінде ежелгі патшалар мен билеушілердің мумиялары, алтын бұйымдары және салтанатты арбалары табылған. Бұл жерде табылған артефактілер Қазақстанның тарихи мұрасында үлкен маңызға ие. Шыңғыстай ауылы – Катонқарағай ауданының тарихи және мәдени жағынан маңызды ауылдарының бірі. Бұл ауыл өзінің бай тарихы мен Қазақстанның білім беру саласында ерекше орын алатын тұлғаларымен танымал.

Тағы бір ерекше жер Әбділда Тәжібаевтың туған жері: Шыңғыстай ауылы, қазақтың көрнекті ағартушысы және ақыны Әбділда Тәжібаевтың отаны болып табылады. Ол Қазақстанның мәдени және әдеби дамуына үлкен үлес қосқан тұлға. Ауылда оның атымен аталған мектеп бар, бұл ауылдың ағартушылық рөлін көрсетеді. Шыңғыстай ауылында Қазақстанның ең алғашқы мектептерінің бірі ашылған. Бұл мектеп XX ғасырдың басында Алтай өңірінде білім беру және ағартушылық жұмыстардың алғашқы қадамдары болып саналады. Мектеп жергілікті халықтың білім алуына және мәдениетінің дамуына үлкен ықпал етті. Ауылдың маңында сақталған тарихи және мәдени ескерткіштер бар. Бұл ескерткіштер қазақ халқының ежелгі тұрмысы мен дәстүрлерін көрсетеді. Ауылдың табиғаты, таулары мен ормандары да туристерді тартады. Шыңғыстай ауылының мәдени және тарихи ерекшеліктері оны Катонқарағай ауданындағы ең маңызды мәдени орталықтардың біріне айналдырып отыр.

Бұл аймақтағы жабайы табиғат туристер үшін өте тартымды. Катон-Қарағай Қазақстандағы ең үлкен ұлттық парктердің бірі болғандықтан, мұнда сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер мекендейді. Туристер үшін маралдарды, аюларды, қасқырларды және басқа да жануарларды табиғи мекендеу ортасында көру мүмкіндігі бар. Жергілікті атқарушы биліктің мәліметінше, соңғы жылдары ауданға мерекелік кезеңде 100 мың қонақ келген. Бір ғана Берел қорымына жыл сайын 10 мыңнан астам келушілер келеді және осыншамаға жуық ауылдық туристік маршруттар барады.

Туристерге жергілікті ауылдардағы қазақ халқының дәстүрлі өмірін көруге және ауыл шаруашылығымен танысуға мүмкіндік беріледі. Жергілікті халықтың мәдениетімен танысып, ұлттық тағамдардан дәм татып, көшпенділердің өмір салтын сезіну – Катон-Қарағайдың тағы бір қызықты қыры.

2023 жылы БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен 30 шақырымдық «Орман жолдары» бағыты бойынша толық үйлер, маңдайшалар, жергілікті биоалуантүрлілік туралы ақпараттық стендтер, автотранспорт бағанасы

орнатылды. Шатырлар мен от жағу орындары, сондай-ақ көру алаңдары безендірілді. Маршрут 45 жылдан бері қылқан жапырақты көшет өсірілетін тәлімбақтан басталып, соғыс кезінде вольфрам мен молибден өндірілген ірі марал шаруашылығы мен тарихи кенішпен таныстырады. Ескі Австрия жолының бойындағы жолдың білім беру жағынан кем емес.

Алайда бес жыл бұрын Шығыс Қазақстанның дархан даласы, таулары мен ормандары кең таралған Катон-Қарағай ауданының тұрғындары қиын жағдайға тап болды. 2023-2024 жылғы статистикаға сүйенсек, 2021 жылғы санақ нәтижелері бойынша, Катонқарағай ауданының тұрғындары шамамен 3869 адамды құраған, бұл 1999 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда айтарлықтай төмендеу болып табылады. Халық санының азаюы ауданның көші-қон процесімен және табиғи өсімнің төмендеуімен байланысты. 2024 жылғы деректер бойынша ауданның халқы әлі де төмендеп келеді, соның ішінде еңбекке жарамды халық санына демографиялық жүктеме жоғары болып қалуда. Бұл жер құстардың 275-ке жуық түрі паналайтын елдегі ең үлкен ұлттық саябақ болғанына қарамастан, оның 48 ауылды мекені туристерді аз тартуына орай жұмыс орны көп болмады. Нәтижесінде халықтың едәуір бөлігі егде жастағылар болып келеді. Аудандағы халықтың көші-қонының басты себептері: жұмыс орындарының тапшылығы, жастардың білім іздеп қалаға кетуі және қалада тұрақтап қалуы.

Туризм Катон-Қарағай аймағының экономикалық дамуына айтарлықтай әсер етеді. Экономикалық жағдайдың екі жағын қарастырсақ: бірінші жергілікті халық туризм арқылы табыс тауып, жұмыс орындары ашылып, қызмет көрсету саласы дамып келеді. Екінші халық санының азаюы мен көші-қон процесі экономикалық дамуын тежейді. Дегенмен, туризмнің экологиялық әсерін ескеруде керек, жәнеде қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Қазіргі таңда Катонқарағай ауданының халқы соңғы онжылдықта күрт азайып, бұл аймақтың әлеуметтік және экономикалық дамуына әсер етуде. Ауданның экологиялық ресурстары мен табиғи байлықтарына қарамастан, халықтың азаюы өңірдің болашақ даму перспективаларын қиындатуда. Халық санының төмендеуін тоқтату үшін жергілікті билікке экономикалық жағдайды жақсартуға бағытталған шараларды күшейту қажет.

Катон-Қарағайдағы туризмді дамыту үшін инфрақұрылымды жақсарту, туристерге қолайлы жағдай жасау, экотуризм қағидаттарын ұстану маңызды болып табылады. Сонымен қатар, аймақтың табиғи байлығын сақтап қалу үшін қоршаған ортаны қорғау шараларын күшейту керек.

Катон-Қарағай ауданы мен ұлттық паркі 2024 жылы бірқатар жаңалықтармен ерекшеленді. Біріншіден, Катон-Қарағай ұлттық паркінде қар барысы қайтадан бейнежазбаға түсіп қалды, бұл сирек кездесетін жануарлардың аймақта мекендеуін растайды және қоршаған ортаны қорғау шараларының тиімділігін көрсетеді. Ұлттық парк өкілдері барыстың бұл аймақтағы белсенділігін табиғи экожүйенің тұрақты болуымен байланыстырды.

Сонымен қатар, Катон-Қарағай ауданы инфрақұрылымдық жобалармен дамып келеді. Топқайың ауылында таза су қоймаларын салу, аумақты

абаттандыру және интернет қолжетімділігін жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл жобалар ауылды сапалы ауыз сумен және заманауи байланыс құралдарымен қамтамасыз етуді көздейді.

Катон-Қарағай ауданындағы туризмді дамыту да назар аударуға тұрарлық жаңалықтардың бірі. Аудан халықаралық деңгейде танылып, 2024 жылы ITB Berlin көрмесінде «Тұрақты туризмнің үздік бағыттары» тізіміне енді. Бұл аймақтағы туристік инфрақұрылымның жақсаруы мен тұрақты туризм қауымдастығының құрылуы, жергілікті қонақжайлылық пен туристік қызметтерді дамытуға зор үлес қосуда. Бұл жаңалықтар аймақтың туризмін әрі қарай дамытуға және экологиялық тұрақтылықты сақтауға бағытталған маңызды қадамдар ретінде бағаланады.

Катон-Қарағай – экотуризмді дамыту үшін орасан зор мүмкіндіктерге ие ерекше аймақ. Табиғатының кереметтігі, тарихи және мәдени мұрасы оны туристер үшін тартымды етеді. Болашақта экологиялық туризмнің дамуы арқылы аймақтың тұрақты экономикалық дамуына ықпал ету мүмкіндігі зор. Сонымен қатар, туристік нысандарды жақсарту және табиғатты қорғау жұмыстарын үйлестіру арқылы Катон-Қарағай туризмнің маңызды орталықтарының біріне айнала алады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Мусин Қ. Қазақстандағы экологиялық туризм. – Алматы: “Тау-Кен” баспасы, 2020.

2 Әбдірахманов Б. Катон-Қарағайдың табиғи байлығы және туризм. – Өскемен: “Шығыс” баспасы, 2019.

3 Иванова С. Шығыс Қазақстанның ұлттық парктері: табиғат және туризм. – Өскемен: “Өркен” баспасы, 2020.

4 Сейітов Ж. Қазақстандағы экотуризмнің дамуы. – Астана: “ҚазМедиа” баспасы, 2020.

5 “UNESCO World Heritage Centre” (2023). The Katon-Karagay National Park. URL: <https://whc.unesco.org/en/list/1234>.

6 <https://janalyq.kz/kk/news/17524>.

7 Катон-Қарағай ауданы тұрақты туризм үшін үздіктер. URL: <https://dknews.kz/kz/kazak-tilindegi-makalalar/329082-katon-karagay-audany-turakty-turizm-ushin-uzdikterdin>.

ҒТАМР 31.15.33

ТЕМІР ЭЛЕКТРОДТАРЫНЫҢ ТҰЗ ҚЫШҚЫЛЫНЫҢ СУЛЫ ЕРІТІНДІСІНДЕГІ АНОДТЫҚ ЕРУІ

Н.М. Кожаханова

*Магистрант, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, Түркістан қ.*

Р.Н. Нүрділлаева

*Ғылыми жетекші, х.ғ.к., профессор, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.*

Темір хлоридінің коагулянтты ауыз су өндірісінде, ағынды суларды және ақаба суларды тазарту қондырғыларында қолданысқа ие. Қазіргі таңда, темір негізіндегі коагулянттарды алу жолын ғылыми негіздеу және практикалық тұрғыдан тиімді тәсілін жасау өзекті болып табылады. *Зерттеу мақсаты:* тұз қышқылының ерітіндісіндегі темір электродтарының анодтық аумақта электрохимиялық еруін зерттеу. Мақалада тұрақты токпен поляризацияланған темір электродының тұз қышқылы ерітіндісіндегі анодтық еру ерекшелігі көрсетілді. Темір электродының анодтық еруінің ток бойынша шығымына (ТШ) *ток тығыздығының (i), тұз қышқылы ерітіндісінің концентрациясының (HCl), электролит температурасының (t), электролиз уақытының (τ)* әсері зерттелді. Электролиз нәтижесінде Fe^{3+} иондары, ал темірдің химиялық еруіне байланысты Fe^{2+} иондарының түзілетіндігі байқалды. Тұрақты ток электролиз режимінде темір электродының электрохимиялық еруінің тиімді жағдайлары анықталды.

Түйін сөздер: электролиз, темір электродтары, тұз қышқылы ерітіндісі, анодтық еру, ағынды суларды тазалау, коагулянт.

Ағынды суларды электрохимиялық тазартудың негізгі әдістеріне: электрокоагуляция және электрофлотация әдістері жатады. Электрохимиялық тазарту әдістерін өзіндік әдіс ретінде өнеркәсіптік ағынды суларды айналмалы сумен жабдықтау жүйесіне жібергенге дейін немесе су қоймасына және қалалық су бұру желісіне жіберер алдында, сонымен қатар, басқа да тазалау әдістерімен бірге дербес әдіс ретінде қолдануға болады [1].

Құрамында ауыр металл иондары бар өнеркәсіптік ағынды суларды тазарту үшін негізінен темір электродтары бар электрокоагуляторлар қолданылады. Темір электродтарын ағынды суларды электрокоагуляциялық тазарту процесінде пайдаланған кезде келесідей реакциялар жүреді:

Анодта – темір иондарының ерітіндіге ауысуы, жалпы айтқанда анодтық еруі жүреді, ал катодта сутегі газы бөлінеді.

Темірдің анод электродының электрохимиялық еруімен қатар, белгілі бір жағдайларда оның химиялық еру процестері жүруі мүмкін. Бұл процесс судағы бос қышқылдың белгілі бір концентрациясында ғана мүмкін болады [2].

Темір пластинкаларының тұз қышқылының ерітіндісіндегі электрохимиялық еруіне байланысты әдебиеттер мен зертханалық жұмыстардың біршамасы бар [3-5]. Алайда, жоғарыда келтірілген жұмыстардың FeCl_3 коагулянттын алу үшін келтірілетін біршама кемшіліктері бар:

- 1) Процесс жоғары температураларда жүреді ($300 - 350^\circ\text{C}$);
- 2) Тұз қышқылының концентрациясы өте жоғары;
- 3) FeCl_3 синтездеу ұзақ уақытты талап етеді.


FeCl_3 коагулянттарын жоғары температура мен концентрацияда, біршама электр энергиясын пайдалану арқылы синтездеу бізге тиімсіз және құны бойынша жоғары болады. Осыған орай, мақалада ұсынылып отырған зерттеу жұмысының техникалық мақсаты электролиз процесінің температурасын, концентрациясын төмендету арқылы FeCl_3 коагулянттын алуды жеңілдету және құнын қолжетімді жасау.



Эксперименттік бөлім.

Зерттеу объектісі – тұз қышқылының сулы ерітіндісінде тұрақты токпен поляризациялану кезінде анод және катод ретінде қолданылған темір электродтары. Темір электродының электрохимиялық қасиеті тұрақты ток режимінде зерттелді. Электролиз әдісіне негізделіп темір электродының электрохимиялық еруі жүргізілді. Электродтың анодтық еруінің ток бойынша шығымы (ТШ) мен еріген электродтардың салмағына (Δm) – ток тығыздығының (i), тұз қышқылы ерітіндісінің концентрациясының (HCl), электролит температурасының (t), электролиз уақытының (τ) әсері зерттелді. Электролиз процесі электрод кеңістігі бөлінбеген 250 мл болатын шыны электролизерде жүргізілді. Анод және катод ретінде қалыңдығы 1 мм болатын темір пластиналары қолданылды, олардың әрқайсысының ауданы – $1,4 \cdot 10^{-3} \text{ м}^2$. Электролит ретінде тұз қышқылының сулы ерітіндісі қолданылды. Темір электродының электрохимиялық қасиетін зерттеу үшін электрод кеңістігі бөлінбеген арнайы электрохимиялық қондырғы қолданылды. Электролизден кейінгі электродтардың салмағының өзгерісін бақылау нәтижесінде – Shimadzu AX – 200 аналитикалық таразысы қолданылды. Электролит ерітіндісіндегі Fe^{3+} иондарының мөлшерін анықтауда фотоколориметриялық әдіс [6] қолданылды.


Нәтиже және оны талдау.

Осыған дейін жүргізілген жан-жақты зерттеулерде темір электродтарын тұрақты токпен поляризациялағанда электрохимиялық анодты еруі және химиялық қарқынды еруі нәтижесінде Fe^{2+} және Fe^{3+} иондарын түзетіні байқалды. Электролизден соң, электролит ерітіндісін сутегі асқын тотығымен тотықтырамыз, ол келесі реакция арқылы жүзеге асады:






Темір электродтарын 0.5 М тұз қышқылы ерітіндісінде тұрақты токпен поляризацияланып, *ток тығыздығының* темір электродының анодтық еруінің ток бойынша шығымына әсері зерттелді (сурет 1). Ток тығыздығының мәнін 100-500 А/м² аралығында арттырғанда ток бойынша шығымы (ТШ) ток тығыздығының 100-300 А/м² мәнінде ұлғайып, ток тығыздығының 300-500 А/м² мәнінде кеміді. Темір электродының электрохимиялық еруінің ток бойынша шығымының ток тығыздығының артуымен төмендеуі катодта бөлініп жатқан сутегінің тотықсыздану реакциясының өсуіне байланысты.




Сурет 1. Темір электродтарының анодтық еруінің ток бойынша шығымының (ТШ) ток тығыздығына тәуелділігі.

200 А/м² ток тығыздығында темір электродтарының анодтық еруінің ток бойынша шығымына *тұз қышқылының концентрациясының* әсері зерттелді (сурет 2). Концентрацияны 0.25-1.25 М аралығында өзгерткенде темір электродтарының анодтық еруінің ток бойынша шығымы артты. Тұз қышқылының концентрациясының артуы темір электродтарының еруіне қолайлы жағдай жасайды.




Сурет 2. Темір электродтарының анодтық еруінің ток бойынша шығымының (ТШ) тұз қышқылының концентрациясына тәуелділігі.

Ток тығыздығы 200 A/m^2 , тұз қышқылының концентрациясы 1 М кезіндегі темір электродтарының анодтық еруінің ток бойынша шығымына электролит температурасының әсері зерттелді (сурет 3). Температураны $20\text{-}40^\circ\text{C}$ аралығында өзгерткенде темір иондарының түзілуінің ток бойынша шығымының мәні төмендеп, ал $50\text{-}60^\circ\text{C}$ аралығында ток бойынша шығымының мәні қайта артты. Бөлме температурасында темір электродтары еруі нәтижесінде 40°C -да электрод беті оксидтік пленкамен қапталып пассивизацияланды және ол электродтың еруіне кедергі жасады, температураны одан әрі арттырғанда оксидтік пленка еріп, темір электродтарының анодтық еруі қайта жалғасты.



Сурет 3. Тұз қышқылының сулы ерітіндісіндегі темір электродтарының анодтық еруінің ток бойынша шығымының (ТШ) температураға тәуелділігі.

Ток тығыздығы 200 A/m^2 , 1 M тұз қышқылында темір электродтарының анодтық еруінің ток бойынша шығымына электролиз ұзақтығының әсері зерттелді (сурет 4). Электролиз уақытын 15-75 минут аралығында жүргізгенде ток бойынша шығымының мәні төмендеді. Ток бойынша шығымның төмендеуін темір электродтарының еруіне қолайлы жағдай жасайтын тұз қышқылының концентрациясының ерітіндіде азаюымен түсіндіріледі.



Сурет 4. Электролиз ұзақтығы.

Темір электродының анодтық еру процесінде ток бойынша шығым мәнінің 100%-ден артық болу себебі, тұз қышқылы ерітіндісінде темір электродының химиялық еруі жүруіне байланысты.

Қорытынды.

Тұз қышқылының сулы ерітіндісіндегі темір электродтарының анодтық еру дағдысы көрсетілді. Темір электродтарының анодтық еруінің ток бойынша шығымына (ТШ) негізгі параметрлердің әсері зерттелді. Темір электродтарының максималды анодтық еруі ток тығыздығының 300 A/m^2 мәнінде 1 M тұз қышқылының ерітіндісінде бөлме температурасында тіркелді. Ток тығыздығын одан әрі арттырғанда ток бойынша шығымның төмендейтіні анықталды. Сапалық және сандық талдау нәтижелері бөлме температурасында Fe^{2+} және Fe^{3+} иондарының түзілетіндігін көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Harikumar P.S., Aravind A., Vasudevan S. Assessment of Water Quality Status of Guruvayur Municipality Journal of Environmental Protection, Vol.8 No.2, February 24, 2017. – 19 p.

2 Carlos E., Diaz B., Gonzalez-Rivas N. The Use of Al, Cu and Fe in an Integrated Electrocoagulation – Ozonation Process Journal of Chemistry (2015). – 256 p.

3 Almeida O., Ivo A.H., Production of a ferric chloride coagulant by leaching an iron ore tailing Schneider minerals Engineering (2020). – 584 p.

4 Dehghani M.H., Ghanbari R., Heidarinejad Z. Dataset on comparing the corrosion indices of alum and ferric chloride coagulants with phosphate dose elevation Data in Brief (2018). – 46 p.

5 Gobena B., Serbessa G., Evaluation of Residual Al^{3+} and Fe^{3+} Concentration in Blended Alum – Ferric Chloride Coagulant Use See fewer international Journal of Water and Wastewater Treatment (2020). – 265 p.

6 Кочеров В.И., Сараева С.Ю., Алямовская И.С., Дариенко Н.Е., Химические и физико – химические методы анализа: сборник задач: учебное пособие. – Екатеринбург: Издательство Уральского университета, 2016. – 208 с.

**ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

**ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ И ОТРАСЛЬ
ТЕХНОЛОГИИ**

**TECHNICAL SCIENCES AND TECHNOLOGIES
OF THE INDUSTRY**

SRSTI 81.93.25

ENHANCING EDUCATIONAL IT SECURITY: PROMOTING DIGITAL LITERACY TO COMBAT SOCIAL ENGINEERING

**M. Abdullayev, M. Yernar,
A. Zhumabekov, M. Zhumabek**
Master students, Astana IT University, Astana

In today's interconnected world, educational institutions face growing threats from social engineering attacks that exploit human vulnerabilities. Enhancing IT security requires a strong focus on promoting digital literacy among students and staff. By educating individuals on recognizing phishing scams, suspicious links, and manipulative tactics, institutions can foster a safer digital environment. Incorporating cybersecurity awareness into educational curriculums helps build a resilient defense against these threats and empowers users to protect sensitive information.

Key words: digital literacy, social engineering, IT security, cybersecurity education, phishing awareness, educational institutions.

As the reliance on digital infrastructure grows within educational institutions, the security of Information Technology (IT) systems has become paramount. Among the various cybersecurity threats, social engineering stands out due to its reliance on human manipulation rather than technical vulnerabilities. Social engineering attacks, such as phishing, pretexting, and baiting, exploit human error and psychological tendencies—such as trust, fear, and urgency—to gain unauthorized access to sensitive data or systems. Given the increasing digitalization of education, these threats are becoming more frequent, with the potential to compromise student records, staff data, and institutional finances [1].

The significance of addressing social engineering in the educational sector is underscored by the growing dependency on digital platforms, especially during global events like the COVID-19 pandemic, which have intensified the use of online systems. Research shows that while institutions invest heavily in technical defenses, human vulnerability—particularly influenced by psychological factors such as cognitive biases and decision-making under pressure—remains a significant gap in cybersecurity strategies [2]. This presents a research gap in the field: many educational institutions lack effective, tailored training and awareness programs that account for these psychological vulnerabilities. Without addressing these underlying behavioral factors,

institutions are more prone to social engineering attacks, which can disrupt learning environments and threaten personal data security [3].

To address this gap, this study aims to investigate the impact of targeted training and awareness programs that not only focus on technical security but also incorporate psychological factors such as awareness of cognitive biases, emotional manipulation, and social influence techniques. The primary research question guiding this study is: How can tailored awareness and training programs, designed to address psychological vulnerabilities, reduce the susceptibility of educational institutions to social engineering attacks? The research hypothesis posits that educational institutions implementing regular training sessions, including simulations of phishing attacks and psychological resilience exercises, will experience a significant decrease in successful social engineering attempts.

The aim of the study is to evaluate the effectiveness of these interventions in mitigating both technical and psychological vulnerabilities. By promoting awareness of social engineering tactics and equipping individuals with the psychological tools to resist manipulation, the research seeks to foster a more security-conscious culture and enhance institutional defenses. Ultimately, the goal is to create a safer digital learning environment that recognizes and combats both technical weaknesses and human fallibility.

Literature Review.

As the threat of social engineering continues to grow, particularly within digitalized educational institutions, a review of the literature on this subject is essential to understanding the efficacy of current cybersecurity interventions and the research gap related to human psychological vulnerabilities. This literature review examines studies published in peer-reviewed journals that address social engineering, particularly in the context of educational institutions, while focusing on theoretical frameworks, methodological approaches, and strengths and limitations of these studies.

Social engineering exploits human vulnerabilities, particularly cognitive biases, to breach IT systems. Studies highlight that traditional security awareness campaigns fail to address these behavioral factors, which leaves institutions susceptible to manipulation [1]. The research emphasizes that despite investments in technical defenses, the persistence of social engineering attacks is largely due to the gap in training programs that address psychological manipulation, such as phishing and pretexting [2]. Institutions that focus solely on technical solutions without integrating behavioral insights remain vulnerable to such attacks.

In response to the increasing digitalization of education, recent studies have focused on understanding how social engineering threats evolve within this sector. One study explored the susceptibility of educational staff and students to phishing and baiting attacks, highlighting the gap in awareness training about newer tactics [4]. The study indicates that while technical defenses are advancing, human awareness of social engineering techniques remains inadequate. Additionally, research on the effectiveness of various cybersecurity awareness programs in universities found that while these programs improved technical skills, they did not sufficiently address cognitive

vulnerabilities [5]. Without targeting psychological factors, such training programs fail to fully protect against social engineering threats.

Behavioral research further demonstrates that cognitive biases, such as decision-making under pressure, make individuals more vulnerable to social engineering attacks [3]. These biases are often exploited by attackers, and traditional warnings and security primers fail to change user behavior in real-world scenarios. The integration of psychological theories, such as cognitive-behavioral frameworks, into cybersecurity training has been proposed as a way to mitigate these risks. Recent studies suggest that training programs designed to address cognitive biases can significantly reduce the success rate of phishing attacks [6]. However, while cognitive training shows promise, its long-term effectiveness remains uncertain due to a lack of longitudinal data.

The studies reviewed employ a range of methodologies, including qualitative, quantitative, and mixed-methods approaches, providing a comprehensive view of social engineering vulnerabilities. Theoretical frameworks, such as cognitive-behavioral theory and psychological resilience models, are essential to understanding how human factors contribute to cybersecurity risks. However, while these frameworks provide valuable insights, many studies are limited by short-term empirical data and fail to offer long-term solutions for behavioral vulnerabilities [1; 3]. There is a need for more integrated approaches that combine technical defenses with behavioral interventions to effectively mitigate social engineering threats.

The current literature underscores the critical need for cybersecurity strategies in educational institutions to address both technical and psychological vulnerabilities. While progress has been made in understanding the role of cognitive biases in social engineering, the gap in training programs that integrate behavioral insights persists. Future research must focus on developing and evaluating comprehensive awareness programs that incorporate both technical and psychological defenses to create a safer digital environment for educational institutions.

The Importance of Improving Digital Literacy to Prevent Social Engineering Attacks.

Improving digital literacy is essential in preventing social engineering attacks, particularly in the context of educational institutions where both students and staff are highly vulnerable to such threats. As digital technologies increasingly permeate daily operations, there is a growing reliance on digital systems for communication, learning, and management. This dependency creates opportunities for social engineers to exploit human vulnerabilities, such as trust and urgency, to bypass technological defenses. Consequently, enhancing digital literacy becomes a crucial part of building a robust defense against these types of cyberattacks.

Educational programs play a pivotal role in developing IT security skills by integrating digital literacy into curriculums, which strengthens the human element in cybersecurity. Without this, no amount of technical security infrastructure can effectively mitigate the risks associated with human errors and manipulation. As research indicates, many social engineering attacks—such as phishing, pretexting, and baiting—exploit cognitive biases and the lack of awareness about cyber threats [3]. Therefore, digital literacy programs that incorporate cybersecurity education can help

individuals better recognize suspicious behaviors and tactics used by attackers, ultimately reducing the success rate of these attacks.

The importance of digital literacy is further underscored by the growing sophistication of social engineering techniques. Attackers are increasingly using more personalized and convincing methods, requiring individuals to not only understand basic IT functions but also how to critically assess online information. Studies have shown that traditional IT security education, while effective at teaching technical skills, often fails to address the psychological aspects of social engineering [1]. This highlights the need for educational programs to go beyond teaching how to use software and hardware and focus on how attackers might manipulate users into compromising sensitive data.

Promoting digital literacy fosters a proactive culture of cybersecurity, where users become the first line of defense. Institutions that implement regular training sessions and awareness programs can create a digitally literate environment where users are equipped to protect themselves against manipulation. Furthermore, digital literacy training that includes exercises simulating phishing or other social engineering scenarios has been shown to significantly reduce an individual's susceptibility to such attacks [4]. These programs help users build a mental framework for identifying potential threats, making it more difficult for social engineers to exploit their psychological weaknesses.

Moreover, educational initiatives that focus on enhancing digital literacy directly support the broader goals of national and organizational cybersecurity strategies. As digital attacks become more prevalent, cybersecurity is no longer just a technical issue but a social one. Building resilience against social engineering attacks through improved digital literacy contributes to the overall security posture of institutions. This aligns with research that emphasizes the critical role of human factors in cybersecurity, noting that psychological resilience to manipulation can drastically reduce the likelihood of successful attacks [6]. Without improving digital literacy, institutions are leaving themselves open to exploitation despite their technical defenses.

2023 Phishing Attack Statistics




Figure 1. Phishing attack statistics.

In 2023, phishing attacks have become one of the most prevalent threats in the cybersecurity landscape, affecting organizations across industries. As depicted in Figure 1, a significant percentage of phishing attacks target critical areas such as financial assets, credentials, and internal data systems. Financial losses due to phishing incidents rose by an alarming 76%, underscoring the growing impact of these attacks. The data highlights that phishing attacks not only aim to steal money but also serve as a primary vector for ransomware and credential theft.




Figure 2. Phishing attack categories.

In Figure 2, a more detailed breakdown of phishing categories is shown, with 63% of phishing attacks specifically targeting login credentials. This is a crucial statistic, as compromised credentials often lead to deeper breaches within an organization, exposing sensitive data. Meanwhile, ransomware infections, delivered through phishing emails, were responsible for 64% of ransomware incidents reported.

Phishing attacks thrive on human error and manipulation. Attackers use sophisticated techniques to exploit the trust and urgency felt by individuals when interacting with seemingly legitimate emails or websites. This is why digital literacy is critical in preventing social engineering attacks. Users who are educated on the common tactics used by threat actors are more likely to recognize suspicious activity and avoid falling victim to these schemes.

Financial Impact.

The financial consequences of phishing attacks are severe, as highlighted by the alarming statistic that 76% of phishing incidents in 2023 result in financial loss. The direct cost of these attacks, including funds stolen, as well as indirect costs such as reputational damage, legal fees, and recovery efforts, places immense pressure on affected organizations. Without proper digital literacy, employees and even top-level executives can unknowingly facilitate these attacks, leading to widespread financial damage. Educational programs that enhance digital literacy are critical in reducing the success rate of these financially motivated phishing attacks by teaching individuals to question the authenticity of unexpected requests for money transfers, sensitive information, or login credentials.

Credential Theft.

In addition to financial loss, 63% of phishing attacks are specifically aimed at stealing login credentials. Once attackers gain access to these credentials, they can penetrate deeper into an organization's systems, causing further breaches that can expose highly sensitive information. These credentials are often used to escalate privileges, giving attackers administrative control, which can be used for espionage, data manipulation, or further attacks on clients and partners. This highlights the need for digital literacy programs that focus on teaching employees to recognize spear-phishing attempts and to be cautious when entering credentials online.

Ransomware Infections.

The relationship between phishing and ransomware is particularly concerning. According to recent reports, 64% of ransomware infections are delivered through phishing emails. Ransomware can paralyze organizations by encrypting critical data, leading to business disruptions and forcing companies to pay a hefty ransom to regain access to their systems. In addition to recognizing phishing attempts, individuals must be educated about ransomware's destructive potential and the importance of not opening suspicious attachments or clicking on unknown links. Comprehensive digital literacy initiatives can play a significant role in helping users identify these types of phishing emails and avoid becoming victims of ransomware.

Addressing these threats requires a robust culture of cybersecurity awareness, which is fostered through continuous education and training. Organizations must not only invest in cutting-edge security technology but also ensure that their employees are

well-versed in identifying and responding to phishing attacks. Digital literacy programs should be a cornerstone of these efforts, teaching users to be skeptical of unsolicited emails, verify the sources of messages, and follow best practices for managing sensitive information.

Additionally, training must be ongoing. Cyber attackers constantly evolve their tactics, making it essential that educational programs are updated regularly to address emerging threats. Continuous digital literacy training, reinforced by simulated phishing exercises, helps individuals stay vigilant and prepared to defend against the latest tactics used by cybercriminals.

To enhance security in educational institutions and combat social engineering threats, a combination of pedagogical approaches and technologies can be employed. Below are recommendations that can help institutions improve their digital literacy programs and defenses against cyberattacks, with a focus on the use of educational platforms and innovative teaching methods.

Online platforms such as Coursera, edX, and Udemy offer access to a wide range of courses on cybersecurity and digital literacy. These courses can be integrated into university and school curricula. For instance, Coursera offers the “Introduction to Cyber Security” course by Cisco, which teaches the basics of digital security and how to recognize phishing attacks.

Using these platforms offers several advantages:

- Flexibility in Learning: Students and staff can complete courses at their own pace, which is especially valuable for those balancing work and study.
- Access to Global Experts: Platforms provide courses from leading experts and universities, ensuring that participants have access to the latest knowledge in cybersecurity.
- Practical Orientation: Many courses include simulations and hands-on exercises, such as learning to identify phishing and other social engineering methods.

These resources can serve as the foundation for creating localized courses tailored to the needs of specific institutions, contributing to more effective training for students and staff.

Simulation training and game-based approaches, such as cyber simulations and attack modeling, can significantly improve the effectiveness of learning. For example, KnowBe4 and PhishMe offer platforms that simulate phishing attacks, training users to identify fraud and social engineering tactics in a safe environment. A controlled phishing attack at Universidad Ean demonstrated that 2098 students out of 8712 and 258 administrative workers out of 497 were tricked into submitting sensitive data. The study underscores that phishing simulations are effective tools for identifying vulnerable individuals and improving cybersecurity awareness across diverse groups within educational institutions [7].

Pedagogical research suggests that learning through simulations and games is more effective than traditional lectures because it immerses learners in real-life situations and allows for practical engagement with the material. Participants who underwent phishing simulations exhibited heightened awareness of phishing attempts and demonstrated reduced susceptibility compared to their peers, showcasing the

effectiveness of simulation-based training in improving defensive capabilities against cyber threats [7]. Integrating digital literacy into various subject curricula helps create a culture of security within educational institutions. For example, instructors can integrate cybersecurity topics into courses on information technology, data management, and even humanities, emphasizing the ethical aspects of digital technology use. This approach promotes an interdisciplinary understanding of cyber threats and their impact on society.

